



# SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады

## Үстірт қыратында дәстүрлі кесте тігу-ақбөкенді заңсыз аулаудың баламасы

*Питер Дамерелл, Елена Быкова және Э.Дж. Милнер-Гулланд*

Автор-корреспондент: Питер Дамерелл, Пекиндегі орман университеті, [Peterdamerell@hotmail.co.uk](mailto:Peterdamerell@hotmail.co.uk)



Сурет: Питер Дамереллдікі

Кедейшілдік және жұмыссыздық ақбөкенді заңсыз аулаудың негізгі және басты себептері болып табылады. Кедей адамдар үшін ақбөкен аулаудан түсетін өнімдер Үстірт қыратында аздап болса да жұмысқа орналасуға мүмкіндік беруі мүмкін. Сондай-ақ кедейлік жергілікті жұртшылықтың ақбөкеннің арзан етімен қоректенуіне жағдай жасайды.

Ақбөкенді сақтау Альянсы Жаслық және Қарақалпақия поселкаларында тұратын әйелдерге дәстүрлі кесте тігу техникаларын үйрететін екі орталық ұйымдастыруға көмектесті. Бұл орталықтар бизнес-орталықтары болып, онда тігілген кестелерді сату жүзеге асырылады, ал оқу орталығы ретінде, онда жергілікті тұрғындар ақбөкенді сақтау мәселесі жөнінде білім алады.

Семья қаржысымен әйелдер айналысатын болғандықтан, біз ойлағанбыз, кірістың қосымша көзі табылғандықтан, семья қаржысына қосымша кіріс түскендіктен, әйелдердің өздері де ақбөкен етін сатып алмайды ғой деп немесе қаржы жағы жақсарған соң мұны істемейді деп ойлағанбыз. Екінші жағынан, проектке қатысушы әйелдер өздерінің еркектерін ақбөкенге браконьерлік жолмен аулауға болмайды деп үгіттеуі нәтиже береді деп жорамалдағанбыз.

Алға қойған мақсаттардың орындалу тиімділік схемасын бағалау жүзеге асты. Талдауда бұл схеманың ұзақмерзімді өзін-өзі ақтау программасы есебінде беріктігі қаралды және оның табиғатты қорғау әсері есепке алынды (1-ші кесте).

*Аяғы екінші бетте*

Қаржылай көмектері арқасында шығарылады:



# МАЗМУНЫ

## Негізгі мақала

*Питер Дамерелл, Елена Быкова және Э.Дж. Милнер-Гулланд*  
Үстірт қыратында дәстүрлі кесте тігу – ақбөкенді заңсыз аулаудың баламасы ..... 1

## Жаңалықтар

*Бакытбек Дүйсекеев*  
Браконьерлікпен күресу ..... 5

*Анатолий Хлуднев*  
«Степной» қорықшасының жұмыс күндері ..... 5

*Евгения Авраменко*  
Ақбөкендер: кино үшін ойланбаған тарих ..... 7

*Гульмира Изимбергенова*  
Үстіртте (Қазақстан) халықты хабардар етуді күшейту Медия компаниясы ..... 8

*Елена Быкова және Севара Шарапова*  
Ақбөкен үлкен экранға шығады ..... 9

*Елена Быкова* Өзбекстанда жаңа әдеби-көркем экологиялық проект табысты өтті ..... 10

*Батхуанг Б., Чимеддорж Б.*  
Моңғолияның батыс аудандарында және Қытайда ақбөкен өнімдерімен шекаралық сауда жасауды болдырлау..... 11

**Баспасөздерден:**  
Ресей мен Қазақстан арасында ақбөкеннің Еділ-Жайық популяциясын қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану жөніндегі келісімге қол қойылды. 12

Қалмақияда ақбөкенді аулауға тиым салынды.

Қазақстандағы жаңа табиғи резерват екінші Серенгети болуға тиіс.

Ресейде ақбөкен популяциясын сақтау үшін ПРООН/ГЭФ проектiсi шараларды күшейтуді ұсынады.

## Мақалалар

*Альберт Салемгареев*  
Ақбөкендердің үстірт популяциясы зерттеу және сақтау үшін спутниктік қабылдағыштарды қолдану ..... 14

*Энтони Дэнер, Виктория Пинион және басқалар*  
Батыс Қазақстанда ақбөкендердің қырылуының потенциалдық себептеріне дистанциондық және далалық талдау ..... 16

*Джозеф В. Булл және Александр Есипов*  
Үстіртте ақбөкендерді аулаудың көне құралдары: арандардың қалдықтары..... 18

## Хабарландыру

2012 ж. Ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттары программасына конкурс..... 20

Ақбөкенді сақтау жөніндегі Меморандумының орындалуы жайында SMS-тің жұмыс мәжілісі және ақбөкенді сақтау Альянсының жалпы жылдық мәжілісі ..... 20

## Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

*Б.Батсайхан, Моңғолия*..... 20

*Аяғы (басы 2-ші бетте)*

### **Пайдалылығы және базарлық сұраныс:**

Қазірде кесте тігуге үйдетеуге жұмсалатын шығындар ақбөкенді сақтау Альянсының гранттары есебінен жабылады Пайдалылықты өндіретін өнімдердің базарлық сұранысын өсіру арқылы арттыруға болар еді. Қазірде дайын продукция кесте тігу орталықтары арқылы Нөкісте, Ташкент дүкендерінде және WCN (жабайы табиғатты қорғау ұйымы) көрмесінде сатылады. Кесте тігуді үйрену программасына қатысушы әйелдер әртүрлі жоғары сапалы товарлар өндіреді. Олардың бағасы қазірде сатылып жатқан товарлардан жоғары болуы да мүмкін. Еуропа мен АҚШ-та одан да тиімді рыноктар болуы ғажап емес.

**Инфрақұрылым:** Кесте тігуге үйрету схемасы оны іске қосу оған кететін шығынның онша көп болмағандықтан ұтымды келеді және жұмыс істейді. Істелген жұмыстарды бағалау кезінде Жаслық поселкасындағы топ ондағы мектеп бөлмесін пайдаланса, сол кезде Қарақалпақия поселкасындағы Орталық шамамен 20 кесте тігушілер сиатын ғимаратқа орналасқан.

**Жергілікті тұрғындардың дағдылары және қиындық:** Схеманың жақсы жұмыс істеуінің тағы бір жайы болып табылады. Қызмет көрсетудің бұл түрі толық мәдени дәстүрге сәйкес келеді, ал кесте тігу – Өзбекстандағы барлық жастағы әйелдердің арасында кең тараған өнер. Кесте тігуге үйрету программасы онша күрделі емес, төменгі деңгейде, ол бар материалдарға және жергілікті тұрғындардың біліміне және олардың шеберліктіктеріне байланысты болады.

**Табиғат қорғаумен байланысы:** Қазірде кесте тігу орталықтары жұмыстарында дәстүрлік мәдениетке және жергілікті ұқсастыққа үлкен көңіл бөледі. Өйткені, өз жұмыстарында кесте тігушілерге ақбөкенді сақтау процесін көрсету өте қиын міндеттер болып табылады. Тек сұралған тігіншілердің үшеуі ғана ақбөкендерге браконьерліктің азайғанын көрсеткен; бұл схеманың басты мақсаттарының бірі және олардың ересек жақындары бұл жағдайдың бұл схеманың дүниеге келуінің басты себебі екендігін бірде-бірі көрсетпеген. Схема программасына қатысушылардың сұралғанының ешбіреуі семьямыз үшін қаржылық пайда бірінші кезектегі міндет емес деп айтқан жоқ.

Сірә, басты көңілді бізге программаның негізгі мақсаты – ақбөкенді сақтауға көбірек аудару керек еді.



1 - кесте. Кесте тігуді үйрету схемасы табыс көзінің баламасы ретінде жергілікті тұрғындардың қолдауына негізделген табиғат қорғау саласындағы міндеттерді табысты орындау критериясына сәйкес келе ме (көңіл аударатын қатысу схемасы қалың шрифтпен көрсетілген)

Фактор	Келешегі жақсы	Келешегі жаман	Кесте тігуге үйрету программасы
<i>Кәсіпорын</i>			
Табысы	Жұмсалған шығыннан асады	Жұмсалған шығынды ақтамайды	<b>Жұмсалған шығынды жаппайды</b>
Базарлық сұраныс	Орташа	Өте жоғары немесе тым төмен	<b>Тым төмен</b>
Инфрақұрылым	Жақсы	Жаман	Қанағаттанарлық және жақсарады
Жергілікті тұрғындардың дағдылары	Жоғары	Төмен	Жоғары
Күрделілігі (қиындығы)	Төмен	Жоғары	Төмен
Табиғат қорғаумен байланысы	Жоғары	Төмен (немесе жете түсінбейді)	<b>Жете түсінбейді</b>
<i>Пайдалар</i>			
Ақшалай пайдалар	Орташа	Тым жоғары немесе тым төмен	<b>Тым төмен</b>
Ақшалай емес пайда	Жоғары	Шектеулі	Жоғары
Бөлу (үлестіру)	Кім табиғатты қорғаумен айналысатын болса, соған бағытталған	Тым кеңшілік (ол адамдар емес)	<b>Үй шаруаларымен айналысатын әйелдерді қамтымайды</b>
<i>Проектіге қатысушы жақтар</i>			
Басшылық	Баланс жасалған және құрметке ие	Қатыспаушы немесе тым қатаң	Баланс жасалған және құрметке ие
Группалардың біркелкілігі	Толық	Шектеулі	Жоғары
Дау-жанжал	Болған жоқ	Қатысы бар	Болған жоқ
<i>Басқалар</i>			
Проекті төңірегіндегі қарым - қатынас	Тәжірибелі және берік	Басқаша	Берік

Жаслық поселкасында кесте тігу группасына бір жылдай бұрын қатысқан әйел, күйеуге шықпаған, былай деп сұрады: “Ал, ақбөкенді сақтау Альянсы мен кесте тігудің арасында қандай байланыс бар, ал кесте тігу ақбөкенге қалай көмектеседі?” Басты бірінші қадам кесте тігуге үйрету схемасы ақбөкенді сақтауға жұмыс істеуі керек – бұл программаның мақсаты мен міндеттерін анық түсіндіру қажет.

**Қаржылық пайда:** Жергілікті базар шектеулі, тігіншілердің де қаржылық табысы да шектеулі. Аз қаржы табатын қолдан тоқылған бұйымдар көп уақытты қажет етеді.

- Мобильный телефонның қаптары (футляры) 2 000 сум (~\$1) тұрады, ал оларды дайындау 1-2 күнге созылады;
- Эмиандарды (бумажники) дайындауда 1-2 күнге созылады және 5 000 сум (~\$2.5) пайда әкеледі;
- Сатып алынған заттарды салуға арналған үлкен сумкаларды дайындауға 10 күн кетсе, оларды 10 000 сумға (~\$6) сатады.

“Жас қыздар тым азғантай суммалар мөлшерінде қаржы табады, жай өздерінің ақшаларына қосымша”

Егерде ақбөкен етін сатып алудан сиыр етін сатып алуға көшсе, онда сатып алатын

еттің сапасына қарай шығындар айына 36,000 сумнан (~\$18) 84,000 (~\$42) сумға дейін болады.

Бұл есептер саны орташа төрт адамнан тұратын семьядан алынған мәліметтер негізінде жасалған. Бұл зерттеуге қатысушы барлық қатысушылардың семьяларының орташа мөлшері - 5.5 адам, ал орташа кесте тігуден алынатын орташа қосымша табыс айына \$10 шамасында. Сондықтанда, бұл схемаға қатысушылардың қазіргі тапқан табысы олардың ақбөкен етін сатып алудан сиыр етін сатып алуға көшуге жетпейді.

**Коммерциялық емес олжалар:** Аса маңызды, өйткені қатысушылар кесте тігу группаларында жұмыс істеуге өте ынталы болды, өздерін бұл жұмысқа қатысқандарына бақытты санайды және бұл кәсіпті олар алданыш есебінде санады.



Сурет 1. Табыстың балама көздерімен қамтамасыз ету стратегиясын жүзеге асыру үшін гипотезалық себеп-тергеу байланыстары



Сурет А. Есиповтікі

Жаслык поселкасында кесте тігу группасының мүшелері өздерінің тіккен өнімдерімен.

**Бөлісу:** Тігушілердің көпшілігінің жасы 18-ден кем және олар мектепте оқиды. Бұрынғы тігіншілердің пікірінше, олардың программадан шығуының басты себебі-күйеуге шығуына байланысты уақыттың жетіспеуі болып табылады. Бұл проблема болды, өйткені Үстіртте қыздар күйеуге 20 жасқа толғанша немесе 20-жаста шығуға тырысады. Осыдан кейін ғана оларда семьялық бюджетпен бөлісуге бірқатар мүмкіндіктері болып, тіпті ет сатып алуға шешім қабылдауға қатысады және өздерінің еркектерінің жұмыс табуына мүмкіндік береді. Қазірде қатысушылар кесте тігу программасынан кетіп жатыр, себебі оларда осы схеманың мақсатына негізделген қимыл-әрекет жасауға мүмкіндік туып отырғанда.

Сонымен бірге тіпті кедей семьялардың бірқатар өкілдері бар; міне солар браконьерлік аңшылықпен бірінші кезекте байланысты. Үлкен сеніммен олар қосымша пайда табу мүмкіндігін жібермеуге дайын. Поселка Қарақалпакияда программа туралы жұртшылыққа кең мәліметтер беру құрамы әртүрлі группалар ұйымдастыруға әкеп соқты, құрамында орта жастағы әйелдер, кедей аудандардың адамдары және, жорамал бойынша, браконьерлікпен айналысатын бірнеше семья тұратын мекендер бар.


**Басшылық:** Басшылық программаның басты тірегі болып табылады. Оның басшылары – ынтамен және белгілі мақсатты көздеген адамдар, ақбөкен сақтауға ынталылар. Жергілікті лидерлер (басшылықтар) өздерінің группаларымен тығыз байланыс орнатты және программаны кеңейтуге қызығушылық білдіреді және оны өміршең бизнеске айналдырады.

“Егерде үлкен группа болса, мен жетісіне екі рет сабақ өткізуіме болады, әрбір сабақта 20-дай қатысушы болса. Мен жетісіне 5 күн босым”.

**Группаның біркелкілігі және даулар:** қазірде кесте тігуді үйрену программасына қатысушылар үйлесімді группаны құрайды; оларда кесте тігу орталықтарында жұмыс істегісі келеді; социальды тұрғыдан-программаға қатысуға және кесте тігу дағдыларын игеру үшін. Жергілікті тұрғындар басқа ұйымдар олардың поселкаларына қызыға қарайтынын сезінеді және аса маңызды проектiнiң орындалуына көмектеседі. Жергілікті дамуды саяси жағынан қолдауда орын алады.

**Проект төңірегінде өзарақимыл:** Нөкестегі кесте тігу орталығы мен ғалымдар арасындағы өзара тығыз қимылдар ақбөкенді сақтауға бағытталған, ұзақмерзімді бірлестікке айналған. Жорамалға себеп жоқ, барлық мүмкіндіктер үшін берік және ұзақмерзімді өзара байланыстарды дамыту қажет; программаға қатысушылар арасында.

Сонымен бірге программаның қаржы жағы көңіл аударуды қажет етеді; сондықтан барлық күшті оның потенциалды әрекеттері ақбөкенді сақтауға бағытталған болуы керек. Жағымды жақтары байқалады. Басшылықтың қызығушылығы нәтижесінде проект берік фундаментке ие болды; сондай-ақ оған қатысушылар сүйсінушілікке риза болды. Осы берік негізінде жалғаса беретін программа Өзбекстанда ақбөкенді сақтауда маңызды роль атқаруы мүмкін.



Сурет 2. Кесте тігушілер мен олардың ересек туыстары үйрету схемасының басты мақсатын қалай қабылдайды. Респонденттер бес жауаптың бірін қабылдауы керек, оның ішінде «Қосымша табыс семьяны қамтамасыз етеді», бірақ респонденттердің ешбіреуі бұл жауапты таңдаған жоқ.

# Жаңалықтар

## Браконьерлікпен күресу

Бакытбек Дуйсекеев, Қазақстан Республикасы АШМ орман және аңшылық таруашылығы комитетінің жануарлар дүниесі басқармасы, [cites@minagri.kz](mailto:cites@minagri.kz)

Қазақстан Республикасында ақбөкендер таралған қоныстарда 2012 ж. 10 айында бұл жануарларды атып алған, олардың мүйіздерін сатқан немесе сатып алған 24 факті тіркелген; 131 ақбөкен тушасы және 5486 мүйіздер (негізінен ескі, өлген жануарлардан) алынған.

Көрсетілген фактілер, сонымен бірге электрондық және басқада баспаларда жарияланған ақбөкен мүйіздерін сатып аламыз деген хабарландырулар республика ішінде бұл заңсыз товарды өткізетін және оларды контрабандылық жолмен шетелге шығаратын рынок бар екендігін көрсетеді. Бұл айтылғанның барлығы ақбөкенді сақтау жөніндегі мемлекет қабылдап жатқан шаралардың тиімділігін төмендетеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен (25 шілде 2012 ж. № 969)

Қазақстан Республикасының барлық территориясында 2020 жылға дейін ақбөкендерді аулауға, олардың бөлімдерін және туындыларын пайдалануға тиым салынған. Қазақстан Республикасы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылық комитеті Қазақстан Республика ішкі істер министрлігінің әкімшілік полициясы комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының қылмыстық және әкімшілік Кодексіне қосымша және өзгерістер енгізді.

Заңдылық базаларды күшейту нәтижесінде 2012 жылы 18 қылмыстық істер қозғалды. Олар жөнінде тергеу жұмысы жүргізілуде. Салыстару үшін: 2011 ж. өндірісте 12-і ғана істер болды. Осындай бір факті бойынша, Қызылорда облысының Қармақшы ауданы сотының шешімімен (19 шілде 2012 ж.) 2012 ж. сәуір айында ақбөкендерді заңсыз аулағаны үшін екі браконьер 2,6 және 2 жылғы сотталған. Автокөлігі конфискіленген, браконьерлік жолмен аңшылық жасаған кезде пайдаланылған. Сондай-ақ, Ақтөбе облысы Айтекебий ауданы сотының шешімімен (2012 ж. 8 қазан) 2012 ж. маусым айында 63 ақбөкендерді атқан 2 браконьер



Ақбөкендер суатта.

УК РК 288 ст. 3 бөлімімен 2 жылға бас бостандықтарынан айырып, жалпы режим колониясында ұсталатын болады. Сотталғандардан екі «Тойота Ланд Крузер» автокөліктері, мылтықтар және басқада қылмыстық қарулар конфискіленген.

Табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзудың әлеуметтік мәні бар екендігін ескеріп, баспасөз құралдарда браконьерлік фактілерін соттарда қарау мәселелерін жариялап отыруда керек. Онда істелген қылмыстары үшін жауапты екенін көрсету қажет.

**Редакциядан** бұл материал басылып жатқан кезде прессалардан ақбөкенге браконьерлік жасаудың жаңа фактілері белгілі болды оның ішінде жаңа профилактикалық шаралар төңірегінде Соның нәтижесінде жалпы сирек жануарлардың тушасы алынды

## «Степной» қорықшасының дағдылы жұмыс күндері

Анатолий Хлуднев, Мемлекеттік табиғи қорықша «Степной», Астрахань облысы, Ресей, [limstepnoi@mail.ru](mailto:limstepnoi@mail.ru)

2012 ж. Мемлекеттік табиғи қорықшасының қызметкерлері үшін өте айрықша жыл болды. Қорықшаға 12 жыл (2000 ж. Астрахань облысының Губернаторы А.П.Гужвиннің қаулысымен ұйымдастырған) толды және біз осы жылдары істеген жұмыстардың қортындыларын шығардық. Қорықшаның командасы сондай қалыптасқан, профессиональды дайындалған коллектив, браконьерлермен күресте ымыраға келмейтін және ақбөкен мен басқа мекендеушілерді сенімді қорғайтын адамдар.

Браконьерлерге қарсы жүргізілген біздің жұмыстар қорықша территориясына заңсыз кіру әрекетерін қысқартады. Браконьерлер біледі, біздің команда ақбөкендерді өлтіруге жол бермейді.

Қорғаудан басқа, қорықша қызметкерлері экологиялық үгіт-насихат жұмыстарына және білімге көп көңіл бөледі; Астрахань облысында тұратын әртүрлі жастағы тұрғындар ретінде Ресейдің басқада региондарынан және шет елдерден келетін көптеген келушілер арасында үлкен жұмыстар атқарылады.



«Степной» қорықшасының командасы және Э.Дж. Милнер-Гулланд қорықша территориясында экскурсия кезінде.

Үнемі қорықшамен шекаралас тұратын фермерлермен және жергілікті тұрғындармен қорғау режимін сақтау және күшейту туралы сабақтар өткізіліп тұрады. Мұндай сабақтар мен әңгімелер өз жемісін береді. Бұзушылық азайды; қорықшаны ұйымдастырудың алғашқы жылдарындай емес. Біз фермерлермен достық және жұмыс қатыстарын орнаттық, қазірде олардың көпшілігі ақбөкен жөніндегі біздің штаттан тыс бақылаушыларымыз болып табылады.

Осы жылдардың ішінде қорықшаның қызметкерлері Республика Қалмықияның табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің және «Черные земли» қорығының коллегияларымен бірігіп, ақбөкендердің төлдеу уақытында оларды қорғауға белсенді қатысып, үлкен жұмыс атқарамыз. Міне және 2012 жылдың көктемінде жануарлардың төлдеу мезгілі кезінде, негізінен, қорықша территориясында, біз ешкімге жануарлардың тыныштығын бұзуға жол бермедік.

Биылғы жылдың біз үшін айтарлықтай оқиғасы ақбөкенді сақтау Альянсы АҚШ-тың балық және жабайы құстар ұйымының (USFWS) қаржылай көмегі арқасында ұйымдастырған кіші гранттар конкурсында жеңіп шығу болды. Жай емес экономикалық дағдарыс кезінде осындай қолдауды алу қорықшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға мүмкіндік берді («Патриот» автокөлігін және Судзуки мотоциклі сатып алынды) және браконьерлерге қарсы рейдердің саны мен сапасы өсті. Осы проекттің есебінен «Степной» қорықшасының табиғаты туралы



Ақбөкендер «Степной» қорықшасында.

әсем безендірген буклет шығарылды. Және біздің жұмыстар біздің ұйымның жергілікті тұрғындар арасында қадыріміздің өсуіне әсер етті. Сондай-ақ біздің жұмысымыз керек екендігіне қолдау алдық және коллегамыз бен табиғат қорғау фондылары жоғары бағалайды.

Астрахань облысы Үкіметінің қаулысымен «Степной» қорықшасының 87 мың га жері екі зонаға бөлінген: тұрақты жерді пайдалану зонасы және ақбөкенді өсіру және сақтау зонасы (53 мың га); онда мал жаюға тиым салынған. 2012 ж. шілде айында «Степной» қорықшасы көлемі 53 мың га болатын жерді мерзімсіз пайдалану правосы берілген Федеральдық куәлік алды (ақбөкен популяциясын өсіру және сақтау зонасы).



Анатолий Хлуднев мектеп оқушыларымен.

Биыл қорықшаға көптеген қонақтар – туристер, корреспонденттер, ғалымдар келіп кетті. Әсіресе, бізге маңыздысы ақбөкенді сақтау Альянсы басты проф. Э.Дж. Милнер-Гулландтың болуы. Ол біздің жұмысқа жоғары баға берді; өзінің көзімен жапы саны шамамен 1000 бас болатын ақбөкендер тобын көрді. Сонымен бірге, бізбен бірге ақбөкенді сақтау жөніндегі келешек жұмыстардың жоспары талқыланды. Жергілікті тұрғындармен жұмысты жақсарту туралы әңгіме болды. Оларды біз ақбөкен мен біздің қорықшаның достары етуге тырысамыз.

2012 ж. шілде айында телеканал Zoo TV жануарларды қорғаудың Халықаралық фондысының (IFAW) көмегімен «Степной» қорықшасы территориясында және Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығында ақбөкен және оған қамқорлық жасап жүрген адамдар туралы үш сериялы фильм түсірді (әрі қарай қара). Фильмнің премьерасы аталған каналда қазан айының аяғында көрсетілді. Ал 2012 ж. тамыз айында бізде GEO журналының фотографы әрі корреспонденті болды. Ол қорықшаның табиғаты, ақбөкен жөнінде, біздің жұмыстар жайлы журналдың жақында шығатын номерлерінің бірінде мақала жариялауды жоспарлап отыр.

Қортынды да мынаны айтқым келеді. Біз бұл тамаша антилопаны ареалының басқа да бөлігінде қорғайтын біздің коллегалардың атқарып жатқан жұмыстарын толық қолдаймыз. Өзіміз жақтан, біз бұл уникальды түр Ресей территориясынан жойылып кетпес үшін барлық мүмкіндерді жасаймыз.

# Ақбөкендер: кино үшін ойланбаған тарих

Евгения Авраменко, Телеканал Zoo TV, [avramenko@1tvch.ru](mailto:avramenko@1tvch.ru)

Канал Zoo TV арнаулы проект «Біз қамқорлық жасаймыз» шеңберінде бірінші жыл ғана емес жануарлар туралы өздеріне меншікті фильмдер түсіруде. Жануарларды қорғаудың Халықаралық Фондысымен (IFAW) көпжылдық бірге жұмыс атқару нәтижесінде, 2012 жылдың жазында телеканал корреспонденттеріне тағы да жабайы жануарларды түсіруге мүмкіндік туды. Бұл жолы біздің түсіруші группаға Астрахань облысы мен Қалмақия далаларына баруға жол түсті; сирек антилопалар ақбөкендерді көретін болдық. Бұл сапарда өткен түсірістерде сыналған біздің команданы IFAW-тен Елена Жаркова тамаша толықтырды. Ол біздің барлық қозғалысымызды сәйкестендіріп отырды, бізді керек адамдармен таныстырды, интервью берді.

## «Степной» қорықшасы және оның батырлары

Астраханьда бізді «Степной» қорықшасының директоры Анатолий Хлуднев қарсы алып, далаға алып кетті. Басқа экспедициялардағы сияқты қорықшаның қызметкерлері орналасатын тұрақта лагерьді көреміз бе деп ойлағанбыз. Бірақ антибраконьерлік команда, шынында, өздерінің «жауынгерлік» машиналарында тұрады екен. Онда бірнеше күн автономиялы далада тұратын барлық керектілер бар екен.

Даладағы бірінші сағаттар ішінде лагерь орналастыратын жер іздеп жүрген кезде шөптің арасында тығылып жатқан екі ақбөкен лақтарын үркіте жаздадық. Ақбөкендерді түсіру үшін ерте таңата тұратын болдық және суатта жасырын отыратын орын дайындадық. Осындай бір кезекшілікте біз дайын сегіз сағаттан аса отырдық, бірақ бір кезде сыйға ие болдық – артезиан суына әрбір сағат сайын ақбөкен аналықтары төлдерімен келе бастады. Кейінірек біздің сапарды еске алғанда, еске алатынымыз, бұл зорланып күту. Горизонтқа қараған сайын, әрбір секундта шөп арасынан алтын тері көзге шалынатын сияқты. Жалт-жұлт еткен сағым арқылы бинокльмен қарағанда, сары лақтар бізге жақындаған сияқты, бірақ бізге келетін жолдан олар бұрылып кетіп, тағы да далада жоқ болады. Егерде ақбөкендер біз күтпеген жақтан пайда болғанда, кенеттен камера алдында болатын кезі болады.

Кешкісін біз Анатолий Хлудневтің коллегияларымен бірге түсірілген сьемкаларды талқыладық, ақбөкен туралы ұзақ және өте қызық емес тарихты тыңдадық; түсінгеніміз, бұл тарихта ертеден ақбөкендер мен адамдардың дағдылары шырмалған екен. Анатолий Хлуднев – нағыз адам, қорықшаның нағыз иесі, ол тек белгілі міндеттерімен ғана директор емес. Оған бұл табиғат, бұл жер және ел қымбат, азайып бара жатқан ақбөкендер мен адамдар қымбат; олар осы ақбөкендер үшін күреседі. Оның командасы – бірінші кластағы мамандар және сондай альтруистер (басқаның қамын ойлайтындар). Олар күн сайын браконьерлерді қуып, даладағы қиын жолдарда өздерінің өмірлеріне қауіп төндіреді. Бұл жанын аямайтын, батырлық жұмыс, ешыәрсемен

бекітілмеген – ақшаменде, белгілі шарттарменде, мемлекеттік қолдауларменде! Неге бұл адамдар күнде далада қарауылдауды жалғастыра береді? Олар қалай мүмкіндік алады және қаржыландыруға? Қалай олар браконьерлердің азғыруына шыдай алады? Мен жауапты тек мынада деп ойлаймын: бұл зергерлік дәлдікпен таңдап алынған профессиональдық команда, тағы да маңыздысы, жұмыстарына лайық құштар адамдар.

Біз білеміз, әзірге ақбөкендер қорғалатын территорияда болғандықтан, олар қауіпсіз. Өкінішті, олар барлық уақытта қоныс аударады; оларға ешуақытта ешкім тимейтін жерде қалғысы кеелмейді. Бәрі түсінікті, ақбөкендер қалай «Степной» қорықшасынан шықты, браконьерлер де мотоцикльдеріне от алдыра бастайды...

## Қалмақия және дала рухы

Далалық палаткалық лагерьді біз басқа далаға қалмақия даласына ауыстырдық. Мұнда, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығында біз жетіспейтін және біздің фильм үшін өте маңызды кадрлерді түсірдік – ірі планда, ақбөкендер көздері, олардың ерекше танаулары, алтын түсті арқалары. Арнаулы біз үшін Орталықтың қызметкерлері түнде суды жапты; таңертең су үшін ақбөкендер вольера торапына келу үшін. Бұл ғажап көрініс – әуелі ақбөкендерді табиғи жағдайда бақылау, бағалы кадр түсіру, әрбір суатқа келген жаңа жануарға қуанышпен қарау. Одан кейін жанына келіп, олардың көздеріне және терісіндегі дақтарға қарауға болады.

Орталықтың директоры Юрий Арыловта оның «Степной» қорықшасындағы коллегалары сияқты ақбөкендер туралы қызыға әңгімелейді. Өйткені олғылымның адамы, біз тезірек ақбөкен туралы айтқандарын жазып алуға және қызықты мәліметтерді есте сақтауға тырысамыз. Сонымен бірге оның әңгімелерінде сондай нәзіктік пен қалмақтардың ақбөкенге дейін ғасырлар бойы қалыптасқан сезімдері байқалады. Әрине, республикада етек алған браконьерлікті еске алсақ, қалмақтардың бәрі бірдей дала рухына сене бермейді. Дала рухы ақбөкенді қорғайды және адамдарға оны сақтауға шақырады. Бірақ көптеген адамдарда бұл сенім көзге көрінбейтін түрінде жалғасып, келеді. Орталық қызметкерлері әдеттегі үй малдарындай ақбөкендерді күтеді; таңқаларлық бақылау, мамонттар дәуірінде өмір сүрген реликті



Сурет Zoo TV телеканал архивінен

Зoo TV-ның түсіру группасы «Степной» қорықшасы мен және IFAW қызметкерлерімен бірге.

антилопалар жемі бар шелекті ұстаған адамға қарап, мойындарын созады. Мұнда барлық уақытта біздің басымызға ой келеді, бұл уникальды популяция, Юрий Арылов пен оның коллегаларының еңбектерімен туған, мүмкін, ақбөкеннің еуропа популяциясының тірі қалуының жалғыз-ақ мүмкіндігі болуы керек.

Элистада, ұшар алдындағы соңғы күндері біз бағаналардан жырттып аламыз хабарландыруды «Ақбөкеннің ескі мүйіздерін сатып аламын» деген; қайта, қайта көзіміз жетті – шынында да ақбөкен ойланбаған қауыпта екен. Үйде түсірген кадрлерді қараймын және фильмге сценария жазамын, анда-санда Ақ Старцаның ситатуэткасына қарап қоямын. Мен қайтадан ақбөкеннің барлық тарихына қайғырамын, сенгім келеді, деседе дала рухы өмір сүреді, ол өзінің сүйікті жануарын қорғайды. Әлі де адамдарға үлкен күш бола берсін; олар браконьерлермен шындап күресетін болсын, ақбөкенлерді қорғау жолында құқықтық ұйымдармен, мемлекетпен, белгілі жағдайлармен санасып отыру қажет. Мен сеніммен қараймын, «Ақбөкендер: сусып шығып кететін сұлулық» атты Zoo TV фильмі тамаша ақбөкендердің тірі қалуы үшін браконьерлермен күресте көмектесетін болады.



Сурет Zoo TV телеканал архивінен

**Жабайы жануарлар Орталығында ақбөкендерді қоректендіру.**

Біздің жұмыс туралы толығырақ мына сайтта: <http://telezoo.tv/>, сондай-ақ біздің фильміңіз барлық сериясын көріңіздер: <http://telezoo.tv/anonsy/item/189-film-saygaki-uskolzayuschaya-krasota>.

## **Үстіртте (Қазақстан) медиа компаниясы жұртшылықтың хабардар болуын өсіру туралы**

Гульмира Изимбергенова, ҚБСА, [gizimbergen@mail.ru](mailto:gizimbergen@mail.ru)

*«Үстірттің экосистемасын сақтау инициативасы»* проектісі жұртшылықтың мәліметтігін өсіруге көп көңіл бөледі. 2012 жылы социальды ролик «Ақбөкенді сақтайық» қазақ және орыс тілдерінде дайындалды; жарыққа «Біз әлі де ақбөкенді құтқара аламыз!» плакаты шықты, қазақ тілінде күлдіргіш «Ақбөкен туралы қисса» шығуына көмек берілді, сондай-ақ көптеген мемлекеттік ұйымдарды қолдау үшін ақбөкен мекендейтін қоныстарға жақын жерде Ақтөбе облысының екі жолында жарнама – билбордтар ілінді.

«Ақбөкенді сақтайық» социальды ролигі екі варианта жасалды: біржарым минуттік ролик әртүрлі шаралар кезінде жалпы көрушілерге көрсетуге арналған, «Қысқасы; 30 секундтік вариант ҚР-сы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылықтары комитетінің ұсынысы



Социальды роликтен кадр.

бойынша телевизиялық каналдарда көрсету үшін дайындалған. Қазірде ролик «Интерньюс – Қазақстан» агентігінің региональдық каналдарында және коммерциялық канал «Рика -ТВ»-да (қ.Ақтөбе, Қазақстан.) көрсетіледі. 2012 ж. қазан айында «Ақтөбе-Қазақстан» каналына шығатын адамдар роликті көруге мүмкіндік алды. «Қазақстан» телерадиокомпаниясының региональды филиаланың басшысы облыстық акиматтың ішкі саясаты басқармасының қолдауымен осы социальды роликті ақысыз жалға алуға шешім қабылдады. Сонымен бірге, ОБСЕ-Астананың көмегімен ролик Ақтау, Атырау, Қарағанды, Шымкент және Павлодар қалаларындағы региональдық Орхусс орталықтарына жаппай көрсету үшін жіберілді. Шалқар қаласында ролик № 3 орта мектеп жанындағы экоклубта және Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы Оймаут селосындағы мектеп жанындағы «Жез киік» атты балалар клубында көрсетіледі.

«Біз әлі де ақбөкенді құтқара аламыз!» плакаты орман және аңшылық шаруашылықтары комитетімен тікелей ынтымақтастықта дайындалды. Мұнда соңғы ұлттық заңдылықтағы соңғы өзгерістер енгізілген (жоғары да кара). Плакаттар Ақтөбе облысының көптеген мектептеріне және акиматтарға таратылды; өндірістік бірлестік «Охотзоопром» филиалдарына, Территориальдық инспекцияларға, кітапханаларға, қонақ үйлерге, дүкендерге, халықаралық ұйымдарға және шет елдер елшіліктеріне жіберілді. Жақын арада КЛОХ-тың тікелей қолдауымен Астана мен Ақтөбе қалаларындағы аэропорттар мен теміржол станцияларында плакаттарды таратудың толық масштабтағы компаниясы басталады.

КЛОХ-тың ұсынысы бойынша, Анимастер студиясының комиксын (күлдіріш «Ақбөкен қиссасы») (қазақ тілінде) басып шығаруды қолдайтын шешім



қабылданды. Автор Махсут Жаримбетовпен бірлесіп, бұл басылымды шығару мен таратуда үлкен жұмыс атқарылды. Бұл басылымды сонымен бірге НАБУ (табиғат қорғаудың Германия Федерациясы), АСС және АСБК қолдады. Әсем безендірген басылымдар балаларда ерекше қызығушылық тудырып, кең тарайды. Астана қаласында 2012 ж. қараша айында «Урбан даусы» атты қайырымшылық концертте комикстер балалар үйлерінде көбірек таралды.

Қазірде Ақтөбе облысының Алға және Хромтау трассалар бойында ақбөкен лағы бейнеленген билборды (жарнама) қойылды, онда әрбір шоферге және жаяу жүрушілерге олардың жойылып кету қаупі бар екендігін еске түсіреді. Бұл шара Ақтөбе территориялық инспекциясының, табиғат ресурстарын басқару және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының және Ақтөбе облысының акиматының қатысуымен жүзеге асты.



Сурет А.Сағабурдиновтікі

Балалар күлдіргі «Ақбөкен қиссасын» көруде.



Үстірт экосистемасын сақтау Инициативасы шеңберінде шығарылған плакат.

«Үстірт экосистемасын сақтау инициативасының» информациондық – үгіт-насихат компоненті мұнымен ғана шектеліп қоймайды. Жоспарларда: журналисттермен әңгіме, теле – және радиохабарлары, мектептер мен университеттердегі жұмыс, сондай-ақ әрі қарай ақбөкенді сақтау мәселесінде азаматтардың мәлімдемелер алуын күшейту болып табылады.

«Үстірт экосистемасын сақтау Инициативасы» АҚШ-тың халықаралық даму Агенттігі (USAID) арқылы америка халқының «Басты бағыттардағы экосистемалардың тұрақты табиғат қорғау тәсілдері» (SCAPES) программасы бойынша, Дарвин Инициативалары (Ұлыбритания) және Дисней табиғат қорғаудың дүниежүзілік фондларының қаржылай қолдауымен жүзеге асыруға мүмкіндік болды.

## Ақбөкен үлкен экранға шығады

Елена Быкова, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz), және Севара Шаропова, [sevara.sharapova@undp.org](mailto:sevara.sharapova@undp.org)

Соңғы он жылда дүние жүзінде ақбөкендер саны 95%-тен артық қысқарды, бұл сүтқоректілер арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Өзбекстанда ақбөкендер әрбір қыста келетін қоныс-бұл Үстірт қыраты. 2008 ж. бұл жануарларды қорғау мақсатымен олар жойылып кету қаупі бар түр ретінде Өзбекстан Республикасының Қызыл кітабына енген. Содан бастап елімізде бұл жануарларды қорғау шаралары жүзеге асуда. Осындай шаралардың бірі – жұртшылықтың хабардар болуын күшейту үшін ақбөкеннің құралайы туралы «Дала ертегісі» мультфильмін шығару; оны ақбөкенді сақтау Альянсының заказы бойынша GALA-FILM студиясы шығарған; «Пингвин» клубының, «Дисней-Канада» фондысының, ПРООН/ГЭФ проектісінің және Өзбекстан Республикасының Госкомприродасының қолдауымен жүзеге асты.

Мультфильм үлкен тиімді болуы үшін оны балалардың өздері жасауы керек деп шешілді. Мультфильм екі



Сурет А.Есаубовтікі

Балалар және Ташкент қ. Сергелий ауданының «Баркамол авлод» студиясының мұғалімі Сайфиддин Икрамов мультфильмге керекті суреттермен.

элементтен тұрады: анимация (жануарларды кескіндеу) және балалар ойындары. Анимация үшін Сергелий ауданының «Янги авлод форумы» және «Баркамол авлод» орталықтарының көркемдік студиясы, № 15 музыка және өнер балалар мектебінің және Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы Жаслық поселкасындағы № 54 мектептің балаларының суреттері



Мультфильмнен кадр.

пайдаланылган. Ал, мультфильмде балалар ойнады; олар ақбөкендер мекендейтін Үстірт қыратында орналасқан Қырыққыз поселкасының тұрғындары. «Мультипликационный фильм ерекше, өзіндік ерекшелігі бар және аса қиын, - дейді сценарист Евгений Палехов; - Ол балалар суреттеріне негізделген; яғни әрбір бала тарихтың бір фрагментін салды. Балалар тек қана сурет салып қоймай, әртүрлі ойлайды да».

Көрүшілердің көптеген аудиторияларын кеңінен қамту үшін мультфильм үш тілде – өзбек, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылды. Мультфильмді үндендіру үшін Ташкент мектептерінің және Ташкенттің халықаралық мектебінің оқушылары қатысты. Балалар тамаша жұмыс атқарды және бірауақытта ақбөкен жөнінде өз білімдерін толықтырды. Қыздардың бірі Майя Лайтинен былай деді – оларға бұл проектіге қатысу қызық болды және олар бұл мультфильм ақбөкенді сақтауға көмектеседі деп ойлайды.

Біздің ойымызша, сондай мақсатты, жылы тарих болған сияқты сондай қызықты оқиғаларымен және сәтті аяқталуымен. Онда балалар жүректерінің жылы лебезі және олардың кішкентай дала антилопасын құтқаруға әлі де болатынына сенімі мол екендігі көрсетілген. «Дала ертегісі» мультфильмнің премьерасы Ташкентте 15 наурыз күні өтті.

Толығырақ <http://www.un.uz/ru/news/208.html>  
<http://kultura.uz/home/29-news/3872-prezmult.html>

Көру үшін мультфильм сайтта <http://www.youtube.com/user/SaigaConservation>.  
 DVD мультфильммен үш тілде алу үшін Елена Быковмен, Севара Шариповамен және Галина Виноградовамен хабарласу керек, [gala.film.v@gmail.com](mailto:gala.film.v@gmail.com).

## Жаңа әдеби-көркемдік экологиялық проект Өзбекстанда табысты өтті

Елена Быкова, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)

Ақбөкендер дағдыры бүгінде бүкіл адамзатты ойландырады және үрейлендіреді. Жер бетінде көне дәуір сүтқоректілерінің бірі жойлып кету қауітінде тұр. Дала антилопасының ерекше тарихы, олардың бүгінгі қайғылы жағдайы, экологтардың ғылыми экспедициялардың нәтижелері туралы әңгемелері, Өзбекстан мен бүкіл дүние жүзінде ақбөкенді сақтау жөніндегі жұмыстар, ғылыми мақалалар, документальды фильмдер және өзінің бақылаулары ақын Раима Фархадиді қызықтырды, күшті әсер берді, сондықтан да кішкентай ақбөкен лағының шытырман оқиғасы туралы «Құралай – қызыл кітаптан» атты кітап жазуды қолға алды (ақбөкен лағын көбіне қазақтар «құралай» деп атайды). Ал, ақын және журналист Ахмад Ходжа орыс тілінен өзбек тіліне өлеңдер аударды. «Янги Авлод Форуми» балалар творчества Орталығының суретшісі әрі педагогі Каринэ Кургина әдеттен өзгеше және өте көрнекті иллюстрация жасады.



Каринэ Кургина орындаған Раима Фархадидің кітабының иллюстрациясы.



Каринэ Кургина өзінің тәрбиеленушілерімен.

Бұл халықаралық әдеби-көркемдік экологиялық проект ақбөкен сақтау Альянсының, балалардың “Родничок”, экожурналының, Ташкент қаласының балалар изостудиясының үкіметтік емес экология, мәдениеті ұйымдарының және «ВАХТКЕЛ» салауатты өмір сүру орталығының қатысуымен және «Пингвин», «Дисней-Канада» клубтарының қолдауымен жүзеге асты. Раим Фархадидің мойындады: қашанда табиғаттың жас қорғаушылары мен педагогтарға поэмадан үзінділер оқығанда таңқалдым: біздің талантты балаларымызда табиғатты сақтауға белсенді қатысуға талпыныстары үлкен екенін сездім, Кітап орыс және өзбек тілдерінде шыққан. Қосымша мәліметтер және тегін кітап алу үшін Елена Быковаға хабарласуды сұраймыз.

Сурет: SC4-niki

# Моңғолияның батыс аудандарында және Қытайда ақбөкеннің туындыларын (өнімдерін) шекаралық сатуда болдырмау

Б. Баткуяг, Б. Чимеддорж, [chimeddorj@wwf.mn](mailto:chimeddorj@wwf.mn)

Браконьерлік ату және ақбөкеннің мүйіздерімен заңсыз сауда жасау әліде Моңғолияда орын алады. Соңғы зерттеулерге қарағанда, Қытайда жылсайынғы ақбөкен мүйіздерін тұтыну шамамен 9 000 кг құрайды, ақбөкен мүйізіне сұраныш әліде өте жоғары (TRAFFIC есебі, 2010 ж.). Бұл ақбөкен мүйіздерін Қазақстаннан реэкспорттауға жол ашады, сондай-ақ моңғол ақбөкендер мүйіздерін Қытайға контрабандылық жолмен әкетуге жол береді. Елімізде жабайы жануарлар мен өсімдіктермен заңсыз сауда жасауды қысқарту мен болдырмау қызметінде маңызды рольді шекаралық және кеден службалары және мемлекеттің шекаралық пункттерінде қызмет атқаратын арнаулы бақылау органдары алады. Өте маңызды рольді және тығыз байланыста жұмыс істеу шекараға жақын полиция қызметкерлеріне, табиғатты қорғау инспекторлары мен егерлерге тым пайдалы. Сондықтан WWF-Моңғолия офисі Моңғолия мен Қытайдың шекаралық территориясында ақбөкен мүйіздермен сауда жасауды бақылау үшін халықаралық координация механизмын ұйымдастыру проектісін жүзеге асыруды ұсынды. Бұл проект 2011 жылдың қараша айынан 2012 ж. қараша айында дейін ақбөкенді сақтау Альянсы арқылы АҚШ-тың балық және жабайы құстар службасының қаржылай көмегі нәтижесінде жүзеге асты. Бұл қоныс аударатын түрлер конвенциясының ақбөкенді сақтаудағы өзара түсіністік туралы Меморандумының (MoВ) Ортамерзім халықаралық жұмыс программасының орындалуына үлкен үлес қосты. Проектінің орындалу барысында мынадай маңызды мәселелерге көңіл аударылды: ақбөкен жөнінде (MoВ) халықаралық координация механизмін ұйымдастыру, СИТЕС шеңберінде ақбөкендік бизнесінің өнімдерін анықтауда халықаралық бірлесіп жұмыс істеуді қолға алу және заңсыз саудаға қарсы тұратын тәсілдерді анықтау.

## Проектінің мынадай мақсаттары анықталды:

- Мемлекеттік органдармен бірлесіп қызмет етуді кеңейте отырып, Қытай мен Моңғолия арасындағы жабайы жануарлар мен өсімдіктермен сауда жасау байланыстарын құру қажет;
  - Ақбөкеннің өнімдерімен заңсыз сауда жасауды

тиімді бақылау үшін басты шекаралық пункттерде кеден инспекторларының және басқа қызметкерлерінің штатын өсіру керек;

- Ақбөкен жөнінде және оның туындылары жөнінде халықаралық және ұлттық заңдылықтардың мәліметтерін кеңінен жариялау қажет.

## Проектінің басты жетістіктері мыналар:

1) Өзара түсіністілік меморандумына Моңғолияның қоршаған ортаны қорғау және жасыл даму министрлігі мен Қытайдың қоршаған ортаны қорғау Министрлігі арасында 2012 ж. желтоқсан айында бірлескен үкімет отырысында қол қойған болатын. Екі министрства арасындағы Меморандумда ақбөкен мәселесі бірінші орында болған жоқ, бірақ онда бірлесіп қызмет атқаратын екі облыс көрсетілген: қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті сақтау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөнінде шекаралық жұмыстарға көңіл бөлу керектігі көрсетілді. Қатысушы жақтар проектіге қаржылық және техникалық кең қолдау көрсетті. WWF-Моңғолия, Моңғолиядағы және Қытайдағы СИТЕС-дің әкімшілік органдары бірлесіп жұмыстың көп бөлігіне қаржы бөлді: инфляцияға байланысты қосымша қаржы бөлсе, сонымен бірге оқу курсын бітірген кадр есебінен проектіге қатысушылар санын өсірді.

2) Бірлескен координациондық жиналыстың шешіміне сәйкес (28-29 наурыз 2012 ж., Пекин, Қытай) Моңғолия мен Қытайдағы СИТЕС-дің әкімшілік органдары WWF-мен бірлесіп, 2012 ж. қараша айының 6-нан 9-ына дейін Урумчи қаласында (Қытай) оқу курсын ұйымдастырды. Онда 50-ден аса құқық қорғау органдарының қызметкерлері курстан өтті. Бұл оқудың нәтижелері былай бағаланады; мысалы, заңсыз әрекеттердің бүгінгі жайымен 12-айдан кейінгі жайы салыстырылып бағаланады. Қатысушылар бір-біріне жинақталған потенциалды материалдарды және оқу деңгейін көрсетуге үделесті, әсіресе, жабайы табиғат саласында қылмыстармен күресу жөнінде, оның ішінде осындай қылмыстарды соттарда қарау мен талдау әдістері жайындағы мәліметтер мен материалдар болса, олар өзара қызығушылық тудырады ғой;



Урумчидегі (Қытай) Моңғолия мен Қытайдың бірлескен жиналысына қатысушылар.

Қаржының барлығымен және соған сәйкес ресурстарға тренингтерді дайындап өткізу қажет; екіжақты және ведомства аралық ынтымақтасты және бірлескен күнделікті жұмысқа қажет әрекеттерді кеңейту керек. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін оқыту тек қана олардың мамандықтарының деңгейін ғана көтеріп қойған жоқ, сондай-ақ шекаралық пункттарда және ашық сауда орындарында олардың қарым-қатынастарын арттырды.

3) Проект командасы баспа үшін (плакат және листовкалар) екі тілде (моңғол және қытай) материалдар дайындады; мақсат-жергілікті тұрғындар арасында мәліметтер таратып толықтыру; олардың білім дәрежелері бұған дейін сыналған. Мәліметтерде ақбөкенді сақтау жөніндегі халықаралық және ұлттық құқықтық материалдар және олардан шығатын соттарға байланысты мәліметтер бар, егерде көрсетілген адам ақбөкендердің өнімдерімен заңсыз саудаға араласқан болса. Плакатта сондай-ақ егерде заңсыз әрекет байқалса, қандай адамдармен байланысуы керек, сол көрсетілген (байланыс мәліметтерімен). Плакаттар ақбөкендер таралған аудандардың тұрғындары арасында және Моңғолия мен Қытай арасындағы үш негізгі шекаралық пункттерде таратылады.

Проект командасы АҚШ-ның балықтар және жабайы құстар службасына қаржылай көмегі үшін, ал ақбөкенді сақтау Альянсына проектіні әкімшілік жағынан басқарғаны үшін рахметімізді айтамыз. Сондай-ақ біз г-ндер Энхбата Дончинбу мен Батболда Дорджурхемді,



**Тірі табиғат продуктыларымен заңсыз сауда жасауға қарсы плакат.**

Моңғолиядағы СITES-дің әкімшілік органын, г-н Мен Сяньлиня мен Лю Сяопинді, Қытайдағы СITES-дің әкімшілік органын проектінің екіжақты келісімін жасауға үлкен жұмыстары үшін, бірлескен семинар өткізу, оқыту және ұйымдастырудағы қолдауы үшін үлкен алғысымызды білдіреміз. Біз сондай-ақ екі елдің үйлесімді қықтық қорғау органдарын, ведомстваларын және қоғамдарын олардың белсенді қатысқандары үшін, мәліметтермен алмасқаны үшін, бағалы ескертулері мен рекомендациялары үшін, әсіресе, шекаралық аудандарда жабайы жануарлар мен өсімдіктермен заңсыз сауда жасаумен келешекте күресу үшін олардың маңызы зор.

## Баспасөздерден

### Ақбөкеннің Еділ-Жайық популяциясын қорғау, өсіру және пайдалану туралы Ресей мен Қазақстан арасында келісімге қол қойылды

Ресей Федерациясының табиғат ресурстары мен экология министрі Сергей Донской мен Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрі Асылжан Мамытбеков ақбөкеннің Еділ-Жайық популяциясын қорғау, өсіру және пайдалану жөніндегі ведомства аралық келісімге қол қойды. Документке 19 қыркүйекте 2012 ж. Павлодар қаласында (Қазақстан) өткен Ресей мен Қазақстанның региональдық қарым-қатынасының

IX форумында қол қойылды. Келісім бес жылға жасалған, егерде жақтардың бірінен оны үзуге ешқандай ұсыныс түспесе, келісім автоматты түрде келесі бес жылдық мезгілге ұзартылады. Келісімде ақбөкендердің белгілі территорияға енуін бағалау, маршруттарының бағыты мен қашықтығын анықтау, жануарларға санақ жүргізу әдістемесін дайындау және шекаралық аудандарда олардың қоныстарын ауыстыру жұмыстарын бірлесіп жүргізу шаралары қаралған. Бұл зерттеулер ақбөкендерді қорғау мен өсірудің практикалық шараларын жүзеге асыру үшін жүргізіледі. Сонымен бірге, сирек кездесетін жануарларды қорғау саласында жақтастар заңдылықтарды бұзушылармен күресу және профилактикалар мақсатында заңдылықтарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайтын болады. *Толығырақ* <http://www.priroda.ru/news/detail.php?ID=10674> және <http://savesteppe.org/ru/archives/9560>.

Сурет журналынан СЕО



Ақбөкендер тобы суатта.

## Қалмақияда ақбөкенді аулауға тиім салынды

Қалмақияда ақбөкенді кәсіптік және спорттық жолмен аулауға 2020 жылдың 31-ші желтоқсанға дейін тиым салынған. Осы мерзім ішінде ақбөкендерден алынатын туындылардың (өнімдердің) айналысына тиым салынған, оның ішінде олардың мүйіздерін жинау, дайындау, сатып алу және өткізу бар. Халақаралық жануарларды қорғау фондасының (IFAW) Ресей өкілінің мәліметіне қарағанда, ақбөкендердің саны соңғы он жыл ішінде 90 процентке қысқарды. Ақбөкеннің еуропа популяциясының шамадан тыс қысқаруы олардың текелерін браконьерлік жолмен аулау; онсыз популяцияның толық түрде өсуі мүмкін емес.

Толығырақ:

[http://www.elista.org/index.php?option=com\\_content&view=article&id=16761:2013-02-19-07-33-54&catid=1](http://www.elista.org/index.php?option=com_content&view=article&id=16761:2013-02-19-07-33-54&catid=1)



Сурет МСХРК

## Қазақстандағы жаңа табиғи резерват екінші Серенгети болуға уәде береді

Орталық Қазақстанның далалық және шөлді экосистемасының уникальды биологиялық әртүрлігін сақтап қалу үшін АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылықтары комитеті жалпы көлемі 489 766 гектар болатын 27-ші Мемлекеттік табиғи резерват "Алтын Дала"-ны ұйымдастырды. Резерват Қостанай облысының Жангелді және Амангелді аудандарының жерінде орналасқан. Оның территориясына ақбөкендердің бетпақдала популяциясының негізгі мекендейтін жерлері, қоныс аударуы және төлдейтін қоныстары енген. Резерваттың флорасы 370-тен аса түрлерден тұрады; олардың 23 түрі сирек кездесетін өсімдіктер. Омыртқалы жануарлардың фаунасы 57 сүтқоректілер түрінен, 275 құс түрлерінен, 11 бауырымен жорғалаушылар түрлерінен, 4 қосмекенділер түрлерінен және 9 балық түрлерінен тұрады. Резерват территориясында, сонымен бірге, екі сирек кездесетін тұяқтыларды: Пржевальский жылқысы мен құланды жерсіндіру программасын өткізу жоспарланып оыр.

Толығырақ:

<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1133168071&chapter=1153564826>, <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1351851360>

## Ресей Федерациясындағы ПРООН/ГЭФ/МПП және Э проектi Ресейде ақбөкен популяциясын сақтау үшін күш салуды ұсынады

ПРООН/ГЭФ пен табиғи ресурстары мен экология министрлігінің проектi: «Ресейдің далалық биомында ООПТ басқарудың системасы мен механизмдерін жетілдіру» 2013 жылы ерекше қорғалатын табиғи территориялар (ООПТ) системасын кеңейтуге жәрдемдесуді қалайды. Атап айтқанда, Қалмақияда автомобиль жолдарымен («Астрахань - Яшкөл, Яшкөл - Комсомол, Комсомол - Улан-Хол») шектелген участкада ақбөкендер үшін арнаулы региональды қорықша ұйысдастыру документтерін дайындау жоспарлануда. Региональды үкіметтің пресс – Службасының мәліметіне қарағанда, бұл территорияда бүгінге дейін шамамен дала антилопасының 95% мекендейді. Арнаулы қорықша ұйымдастыру, республикалық өкіметтің пікірінше, Қалмақияда ақбөкендер популяциясын сақтауға және өсіруге елеулі көмектеседі. Қазірде регионда олардың саны шамамен 7 мыңдай болады. Сондай-ақ региональды үкімет Қалмақия мен Астрахань облысында ақбөкендерді қорғайтын арнаулы отряд құру мәселесін қарап жатыр. Құрамы ең кемінде 30 адамнан тұратын отрядты ұстауға және оны материалды – техникалық жабдықтау үшін республика федеральдық жәрдем көрсетуді жоспарлап отыр. Ресейлік дала проектiсiнің басшысы Евгений Кузнецовтың пікірінше: «Үкіметтен басқа ешкім, ешқандай ұйымдар, фондылар көмектесе алмайды. Егерде ешнәрсе істемесек, онда ақбөкендер әлі де максимум 5 жыл сақталады. Федеральды программа қажет, әйтпесе біз бұл түрді жоғалтып аламыз, бұл елге масқара болады. Бізде тек Қазақстаннан тек Астрахань және Волгоград облыстарына енетін ақбөкендер ғана қалады».

Толығырақ:

<http://ria.ru/eco/20130115/918201332.html>,  
<http://ria.ru/eco/20130111/917751624.html>,  
<http://ria.ru/eco/20130111/917751624.html>



Сурет Zoo TV желісін архивінен

# Мақалалар

## Ақбөкендердің үстірт популяциясын зерттеу және сақтау үшін спутникті қабылдағыштарды пайдалану

Альберт Салемгареев

АСБК, albert.salemgareev@acbk.kz

2012 ж. күзінде ақбөкендердің үстірт популяциясының қоныс аударуын зерттеу үшін АСБК мамандары «Үстірт қыратының экосистемасын сақтау инициативасы» шеңберінде спутникті қабылдағыштарды (хабарлағыштарды) қолдану экспериментін жалғастырды. Қосымша 5 ошейниктер (білезіктер) кигізілді және қазірде бұл популяция тіршілігін жалғастыруда және 9 ошейниктер ақбөкендердің қозғалыстары жөнінде сигналдар беруде.

Ақбөкендердің үстірт популяциясы – Қазақстанда саны ең азы, бүгінгі күнге дейін онда шамамен 6,5 мыңдай ақбөкен бар деп саналады (авиасанақ мәліметі; қара SN-15). Бұл популяциядан жануарлар Қазақстанда әрі Үстірт қыратының Қарақалпақстан бөлігінде кездеседі. Оған олар қысқы кезеңде қоныс аударды. Ақбөкендерге тән маусымдық қоныс аудару алыстығы ауа райына байланысты; бірақ күні бүгінге дейін оның қашықтығын дәл анықтауға мүмкіндік болған жоқ. Енді спутникті қабылдағыштарды (хабарлағыштарды) пайдаланып анықтауға мүмкіндік тұды.


Республикалық қоғамдық бірлестік «Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы» (РОО «АСБК») «Үстірт қыратының экосистемасын сақтау инициативасы» шеңберінде (USAID/SCAPES/FFI) 2011 ж. қыркүйек айында ақбөкендерге спутникті мониторинг (бақылау) жүргізу жұмысын бастаған. Біз 10 ошейниктерді GPS Plus collar (*Vectronic-Aerospace*) кигіздік. Бұл тәжірибенің міндеттеріне қыстайтын мекендерді анықтау, төлдейтін жерлері, қоныс аудару жолдарын анықтау және ақбөкендердің үстірт популяциясының кейбір биологиялық ерекшеліктерін білу кірді; сондай-ақ жануарлардың қозғалысы туралы мәліметтерді пайдалана отырып, оларды қорғау тиімділігін арттыру. Ошейниктер тек аналықтарына ғана орналастырылды (3-4 жастан артық емес); өйткені текелеріне қарағанда, аналықтарында көбірек өмір сүру мүмкіндігіндігі мол. Текелері күйлеу кезінде және одан кейін көбірек өлім-жітімге ұшрайды; себебі көп күшін жұмсайды әрі тіпті қоректенбейді, соның нәтижесінде жиі жыртқыштардың жемі болады немесе браконьерлердің қолынан қаза табады.



Сурет 1. Салемгареевтің

Ақбөкен аналығы спутникті қабылдағышпен.

Ақбөкеннің 10 аналығына тағылған қабылдағыштардың алтауы 1-5 жетіден кейін қозғалыстар туралы сигнал беруді тоқтатты. Жыл бойы осындай сигналдар төрт білезіктелген аналықтардан түсіп отырды. Бақылау кезеңде (қазан 2011 ж. – қазан 2012 ж.) барлығы олардан 4152 тұрған жері туралы мәлімет алынды; тәулігіне үш позициямен анықталды. Төрт ошейниктердің әрбіреуінің табысты локация үлесі саған сәкес 96,8%, 97,1%, 97% және 86,3% болды. Мекендейтін участкелердің кеңістік структурасы мен ақбөкендердің қонысын ауыстыру туралы мәліметтер GPS Plus және ArcGIS (ESRI) программасының көмегімен өңделді. Спутниктік мониторинг нәтижесінде ақбөкендердің таралу картасы жасалды, оған олардың қысқы және жазғы кезде болуы, төлдейтін жерлері және күйлеуге түсу мәліметтері енген (1 - сурет).




Сурет 1. Жыл бойы ақбөкендердің мекендейтін жер көлемі кіші доңесті қопбұрышты әдіс арқылы анықталған; және жануарлардың әртүрлі маусымда пайдаланатын участкелері.


Ақбөкендердің маусымдық таралуы (бөлінуі) мен олардың қоныс аударуына талдау жасаудың нәтижесінде мынадай кезеңдер бөлінген: жазғы-мамырдың аяғынан қыркүйекті қоса, қысқы – желтоқсаннан наурыздың аяғына дейін. Төлдеу мамырдың басынан аяғына дейін байқалды, а күйге түсу – бірінші онкүндіктің ортасынан желтоқсанның ортасына дейін. Мынаны айтұ керек, күйлеуге түсу және төлдеу орындары тек-дистанциондық зондирования мәліметтері арқылы анықталды, тексерілген жер бетіндегі бақылаудан емес. Картада көрсетілгендей (сур.1) қыстайтын аудандар Үстірт қыратының солтүстік бөлігінде орналасқан (Қазақстан жағында: Матайқұм қҰмы, Асматайматай соры), қары аз жерлерде. Сондай-ақ Қарақалпақияның солтүстік бөлігіне енгендері де болды (шамамен 35 км қазақ-өзбек шекарасынан). Өзбекстан территориясында ақбөкендер үш айдан кем уақыт тіршілік етті. Қыстайтын ауданының жалпы көлемі 1,5 мың. км<sup>2</sup> болды. Жазда ақбөкендер Шошқакөл аудандарында және Шағырай қыратында кездесті; өйткені оларда тұрақты су көздері бар. Жануарлардың жазда болатын ауданының жалпы көлемі 4,5 мың км<sup>2</sup> болды. Ақбөкендердің бұл популяциясын сақтауға қажет сандық бөлінуі және ареалдағы мекендейтін жерлері туралы толық мәліметтер алу үшін басқа да зерттеулердің әдістерімен байланыстыра отырып, спутниктік мониторинг материалдарын одан әрі жинай беру қажет.

2011/12 жж. қысында Өзбекстан территориясында ақбөкендердің өткен жерлерін анықтауға тура келді (сур. 2). Ақбөкендер қозғалысы жолының бірінде жануарлардың шекаралық кедергілерден (барьер) өте алмағаны байқалады және оған өтудің басқа жолын іздеуге тура келді. Екінші мысалдан жануардың заборды бойлай жүргені байқалады (жалпы қашықтық 14 км болды), өтетін жол іздеп (сур. 3). Оның бұл әрекеті табысты болды.

Үстірт популяциясы – дүние жүзіндегі ең саны аз популяция; сондықтанда маңызды көңіл аударатын қауіп бар. Тұтас шекаралық қоршау құрылысын салу олардың санының қысқаруына әкеп соғады. Өйткені мұндай барьер миграция жолында қатты қыс кезінде және қар көп түскен жылдары жануарлардың жаппай қырылуының басты себебі болуы мүмкін. Ақбөкендердің үстірт популяциясымен, сонымен бірге Қазақстандағы ақбөкендердің басқа да популяцияларымен (бетпақдала және орал) спутникті мониторинг жалғасуда.



Сурет 2. Бақылау кезінде тұрған жерлері және ақбөкендердің қозғалыс жолдары.



Сурет 3. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекаралық құрылыстардың білезіктелген ақбөкендердің маусымдық қозғалыстарына әсері.

# Батыс Қазақстанда ақбөкендердің қырылуының потенциалдық себептеріне дистанциондық және далалық талдау

Энтони Дэнсер; Виктория Пинион; Ричард Кок; Э.Дж. Милнер-Гулланд; Мухит Орынбаев; Мария Карлстеттер; Навиндер Сингх; Сара Робинсон; Бибигуль Сарсенова

Автор-корреспондент: Энтони Дэнсер, Лондон Империял Колледжі, Ұлыбритания, [anthony.dancer09@imperial.ac.uk](mailto:anthony.dancer09@imperial.ac.uk)

## Кіріспе

Бұрын хабарлағандай, 2010 және 2011 жылдары Батыс Қазақстанда Борсы поселкасында Орал популяциясында ақбөкендер төлдеп болған соң жаппай өлім-жітімге ұшырады. Бұл екі жылда өлім-жітім болған зонада ұқсас патология мен симптомдар байқалды (өлім - >75%); ал басқа жерлерде осы популяцияның жануарларында қырылу болған жоқ; ересек аңдарда демалудың тым өткір түрде өтуі/іштерінің кеуіп кетуі-кенеттен асфиксияның (организмде көмір қышқылының тез көбейіп, оттегінің жетіспеуі) әсерінен өлімге ұшырауы. Бұл болжамға негіз болды; мұндай шапшаң өлімдер жайылымның ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін, ондағы инфекциялық патогенді микроорганизмдердің әсерінен жаппай өлімге ұшырау ғажап емес (толығырақ қара SN 14). Осының негізінде жорамал (гипотеза) айтылды; төлдеуден кейін жануарлар жайылған жерлерде өсімдіктер сондай нәрлі заттарға бай және тез өсетін әрі аномальды (ауытқулық) ылғалы мол болуы мүмкін немесе өсімдіктердің бұл жерге тән емес түрлерімен қоректенуі де мүмкін. Қоршаған ортаның ерекше жағдайы, атап айтқанда, өлім болған жердің топографиясы (жоғары өнімді, ылғалға мол жазық жерлер), ерекше жылы және/немесе ылғалды ауа, немесе жайылымның жақсаруы, бұлар айтылған мәліметтерді күшейтуге жәрдемдесуі де мүмкін. Осындай өсімдіктермен қоректену жануарларда өкпенің қабынуын (АИП) немесе эмземаны (өкпе альвеоларының кенеуі) тудырады. Ол ірі қара малдар өсімдіктер қаулап өскен жайылымдарға тап болғанда оларда да байқалады. Біз осы жорамалдарға негіз болған мәліметтерді тексеру үшін зерттеу жұмыстарын жүргіздік; біріндіден, дистанциондық бейнелеуді пайдалана отырып, жануарлар қырылған аудандарда ауа райы жағдайын және өсімдіктерге тән ерекшеліктерді тексердік; екіншіден, осы жерлердің жайылымдарының структурасы мен қоректілік қасиеті туралы мәліметтер жинадық.

## Әдістемелер


Біз Интернеттен ауа райы мәліметтерін пайдаландық; сол арқылы осы құбылысқа дейін температураның көпжылдық мәліметтермен салыстырғанда ауытқушылығын анықтадық; ал өсімдіктің өнімділігі едеуір ма немесе өлім болған жердегі абсолютті ылғалдық олардың көпжылдық вариациясынан немесе қоршаған жайылымдағы мәліметтерден айырмашылығы бар ма, оларды космостан түсірілген снимкалар арқылы анықтады. 2010 және 2011 жж. бұл региондағы жағдаймен салыстыру үшін 30 жыл ішіндегі орташа температураларының диаграммасын үш

метеостанцияның: Ресейдің Александров-Гай, Қазақстанның Фурманово және Орал мәліметтері негізінде құрдық (бір-бірінен 80, 155 және 300 км қашықтықтағы). Бірақ тиімді анализ жасау үшін жеткілікті көлемде жауын-шашын туралы мәліметтер ала алмадық. Өсімдіктердің өнімділік индексын (NDVI), жапырақтағы ылғалдылықты немесе топырақтағы ылғалдылықты (NDWI) анықтау үшін біз космостық снимкаларды, MODIS (видеоспектрометр орташа мөлшердегі (разрешения) көмегімен алынған, пайдаландық; 250 м шешу үшін 16 күн кезеңге, 2000 ж. бастап.

*In situ* зерттеуде өсімдіктер топтинуының түрлік құрамы мен қырылу зонасындағы және төлдеген жерлерге жақын аудандардың (ақбөкендер 2011 ж. ауырмаған және 2010 ж. аздап қана ауруға шалдыққан) түрлік байықтарын, сондай-ақ ойпат жердегі, үстірт жердегі және биіктіктердегі өсімдіктер байлықтарының түрлік құрамдарына салыстыру өткізілді. Сонымен бірге біз өсімдіктерде L-триптофананың болуын тексердік, ол АИП-тың дамуында маңызды роль атқарады. 2012 жылдың мамыр айында біз кесілген жерді бойлай, шығыстан батысқа қарай (топографияға сәйкес стратифицировандық) өсімдіктер күйіне бақылау жүргіздік. Біз топтану деңгейіндегі айырмашылықтарды санадық, ол үшін ординация және байлықтардың түрлік көрсеткіштерін, түрлердің жинақталу көрсеткіштері пайдаланған. Жиі қоректенетін және көп кездесетін түрлердің үлгілері L-триптофананың барлығына тексерілді; жоғары тиімді сұйық хроматографияның көмегімен.


## Нәтижелер

Температура көрсеткіштері барлық метеостанцияларда бір-біріне ұқсас болды. Екі қырылу алдында ерекше суық қыс болды (сур.1): Александров-Гайда орташа максимальды күндізгі температура ең төменгі деңгейге жетті -17,3°C 2010 жылдың қаңтар айының аяғында, жылдың осы мезгіліндегі орташа



Сурет1. Ресейде, Александров-Гайда тіркелген он жыл ішіндегі орташа максимальды температуралар (оқиғаның эпицентрінен қашықтық 80 км).






Сурет 2. Александров-Гайде, Ресей, тіркелген 10 жыл ішіндегі орташа максимальды температуралар (оқиғаның эпицентрінен 80 км қашықтықта).

температурамен салыстырғанда 12°C төмен; сондай дерлік төменгі деңгейдегі -16,3°C температура 2011 жылдың ақпан айының аяғында болды, яғни орташа температурадан 13 °C төмен. Көктемде ерекше жоғары температуралар жайылымның өзіне тән емес дамуының гипотетикалық (болжаммен айтылған) себептері, 2010 жылы байқалды, бірақ 2011 жылда емес: 2010 ж. мамыр айының басында +27.0°C, яғни 6°C жоғары орташа температурадан.

Космостық суреттерге талдау жасау мына көрсетті: осы жылғы уақыт үшін өсімдіктердің өнімділігінің, абсолюттік ылғалдылықтың қырылу кезінде көпжылдық ауытқудан айырмашылығы болған жоқ. Мынаны атап айтқан орынды, өнімділіктің және ылғалдылықтың мөлшерлерінің ортадан төмен болғаны ерте көктемде өткен жылдары (2008 және 2009 жж.) тіркелген еді. Өлім-жітімге ұшыраған кезде өсімдіктердің өнімділігі де ақбөкендер өлмеген участкілердегідей болды, одан айырмашылығы байқалған жоқ (сур. 2). Бірақ қырылу зонасында, көршілес участкелермен салыстырғанда, өсімдіктердің абсолюттік ылғалдылығы төмен болды.



Сурет3. 2010-2011 жж. Өлім болған жердегі және төлдеген участкелердегі мәліметтер негізінде жасалған ординация. Точкалармен жеке квадраттар көрсетілген, түрлі түсті бояумен әртүрлі участкелер көрсетілген: 2010 ж. төлдеу зонасы (қара), 2011 ж. төлдеу зонасы (көк), 2010 ж. қырылу зонасы (жасыл) және 2011 ж. қырылу зонасы (қызыл). Басқа түстегі точкалар сондай құрамдағы көптеген квадраттарды көрсетеді.

Әртүрлі участкелерде түрлердің құрамы әртүрлі. Өлім бұрын болған аудандарда квадраттар бір-біріне ұқсас болды, төлдеу зонасына қарағанда, сол уақытта төлдеу зонасының участкелері түрлер құрамы жөнінен тұрақты болмады (сур. 3). Сондай-ақ қырылу зонасында түрлер алуантүрлі болды. Сонымен бірге ойпаттарда түрлердің әртүрлілігі жағынан бай болды, қыраттар мен үстіртті биік участкелерге қарағанда. Барлық участкелерден алынған материалдарда (образцы) L-триптофан айтарлықтай жоғары болды, АИП-ты тудыруға болатын жағдайда.

#### Талдау

Біз 2011 ж. қырылудың алдында әдеттегіден тыс жоғары температураны байқаған жоқпыз; бұл ақбөкендердің өлімінің факторы бола алмайды деп шамалауға болады. Бірақ мынаны айту керек, алдыңғы өткен жылдардың қысы, әдеттегі жылдарға қарағанда, суық болды да, ол өсімдіктердің қасиетіне әсер етуі мүмкін немесе ақбөкендердің ауруға жоғары шалдыққыштығын тудыруы мүмкін. Ылғалдың аз-көп болуын бағалау мүмкін емес; бірақ жергілікті тұрғындар еске алды; қырылудың алдында ауа райы ылғалды. Бірақ егерде осы ылғалды ауа абсолюттік ылғалдықты және өсімдіктер өнімділігін өзгертетін болса, бұл NDVI немесе NDWI анализдерінен көрінген болар еді. Деседе. NDVI индексі басқа жылдардағы көрсеткіштерден немесе аудандар мен басқа участкелер арасындағы қырылудан онша айырмашылығы болған жоқ; жапырақтар топырақтағы ылғалдылық көрсеткіштерінің өлім-жітім болған жерлерде және оған жақын участкелерде айырмашылығы болды; бұл, мүмкін, жайылымдардың қасиеттерінде, ақбөкендердің өлуін тудыратын өзгешліктер болуы ғажап емес деп жорамалдауға болады. Сондай-ақ NDVI басқа да экстремальды жағдайын зерттеу керек. Сонымен бірге, әдеттегіге қарағанда өнімділік пен ылғалдылық көрсеткіштері 2008 және 2009 жылдары төмен болуға бізді ойландырады, өткен жылдардағы жайылымдар қасиеттерінің потенциалды өзнеруі де. Бірақ космостық снимкалардың түсіру қабілеті төмен болғандықтан, мүмкін, анық емес әрі сондай ұсақтау өсімдіктер суреттері де онша емес. Мұның маңызы зор, өйткені ақбөкендердің азықтарын таңдауда талғағыштық қасиеті бар.

Жайылымдарды біздің зерттеу мынаны көрсетті: төлдеуден кейін ақбөкендер келетін жайылымдардың АИП тудыратын жеткілікті потенциалдары болады:

түрлердің алуантүрлігі синдромның потенциалдық катализаторларының энергетикалық және коректік заттардың көп екендігін көрсетеді; а L-триптофан оның дамуында маңызды роль атқарады. Деседе, бұл аурулардың өршуінің барлық факторлары емес. Зерттеу мүмкіндігі шектеулі болды, тек зерттеу 2012 ж. ғана өтті; қырылу болған жылдары емес.

Бұл нәтижелер, негізінен, бүгінгі болжамды растайды: дистанциондық анализ бірқатар дәрежеге дейін ерекше ауа райы және өлім болған белгілі жерлерде өсімдіктердің қасиеттерінде өзгерістер байқалғанын растайды. Сонымен бірге жайылымда жүргізілген анализ мынаны растайды: қырылу зонасында жайылымдар АИП тудыратын жеткілікті потенциалға ие. Бірақ осы факт өлім-жітімнің себебі деп айту қиын; бірақ ол келешекте зерттеуді жалғастыру керек екенін

көрсетеді.

Ерекше пайдалы болар еді, егерде өсімдіктердің өсуіне қалыптасқан ауа райының әсерін және келесі жылдары коректік заттардың жиналу дәрежесін бағалайтын болсақ; әдеттегі жайылымдармен салыстыра отырып, өсімдіктер құрамына және топырақ құрамына жаппай қырылу зонасында толық анализ зерттеу жүргізілсе орынды болар еді. Жайылымдық азықтар мен төлдеуден кейінгі кезеңде өсімдіктерді жеу дәрежесіне мониторинг жүргізу ақбөкендер жайылымдарды қалай пайдалатындығы туралы ақпараттар алуға көмектесер еді. Бұл мәліметтер келешекте жануарлардың өлімін азайту жолдарын зерттеуге жәрдемін тигізер еді. Мысалы, АИП-пен ауру потенциалды мүмкіндігі жоғары болатын жайылымдарға жануарларды жіберу мүмкіндігін шектеу қажет.

## Үстіртте ақбөкендерге аңшылық жасаудың көне дәуір техникалары: арандардың қалдықтары

Джозеф В. Булл, Александр Есипов

Автор-корреспондент: Джозеф В. Булл, Лондон Империял колледжі, Ұлыбритания, [j.bull10@imperial.ac.uk](mailto:j.bull10@imperial.ac.uk)

Өткен ғасырдың 70-шы – 80-шы жылдары Үстірт қыратында академик В.Н.Ягодин археологиялық тексеру кезінде «оқ тәрізді жоспарлар (планировки) немесе Арандар» деп аталатын участкені тауып, сипаттап жазған. Бұл арнаулы аңшылық құрылысы, әсерлі мөлшерде (сур. 1). Ол сол кезде осы жерде мекендейтін құландарға (*Equus hemionus*), ақбөкендерге, қаракұйрықтарға (*Gazella subgutturosa*) және үстірт қойларына (*Ovis vignei*) аңшылық жасау үшін пайдаланылған. Осыған ұқсас құрылыстар сондай-ақ Таяу Шығыста, Еуропада және Америкада табылған.

Шынында бұл зағандар бірнеше ондаған гектарды алатын алаң; одан воронкалар түрінде «мұрттар» шығады. Арандардың қоршауы қазылған орлар болып саналады; жағалай төмпешік топырақпен үйіледі. Арандар жергілікті рельефке жақсы бейімделген және аңшылардың жануарлардың биологиясын, атап айтқанда, олардың қоныс аударатын жолдарын жақсы білетіндерін көрсетеді. Арандар аэрофотоснимкаларда қалай көрінетін байқау үшін біз оларды космоснимкалардан GoogleEarth көруге тырыстық. Бірнеше әрекеттен кейін солтүстік үстірттық оқтәрізді планировка группасынан бір аран табылды.

Біз үшін негізгі момент, шамамен 2500 м биіктікке сәйкес келетін оптимальды масштабты таңдап алу болды; одан оқтәрізді планировкалар жақсы көрінеді. Барлығы космоснимкада 50-ден аса арандар табылады. Олардың барлығы да конструкциялары бірдей, ал сақталуы әртүрлі. Снимкалардан көрініп тұрғандай,



Сурет 1. Аранның түрі космостан (GoogleEarth негізінде), «оқ тәрізді» форма анық көрінеді. Үстірттың Өзбек бөлігінің солтүстік-шығысы.

бірқатар арандардың қайта салынғандары пайдалану кезінде байқалады; соған байланысты қосымша структуралы элементтер алған. Біздің тапқан арандардың барлығы да үш бурьшты болып, Дуана мекенімен шығыста Үстірт шоқысы арасында (Өзбекстан), Сам сорының шығыс жағы (Қазақстан)

және Тасай құдығының (Қазақстан) оңтүстік-шығыс жағындағы 25 км жердегі қоныс. Осы үшбұрыштың жақтары сәйкес 130, 110 және 100 км құрайды.

Арандар үш қатар болып группалар болып орналасады және олардың көпшілігі азғантай ауытқумен солтүстікке бағытталған. Тек солтүстік құрылыстардың бірнешеуі оңтүстікке қарай бағытталған. Мүмкін, солтүстікке бағытталған зағандар (қоршаулар) күзде ақбөкендердің оңтүстікке қарай қоныс аудару кезінде аңшылық үшін пайдаланған болуы керек. Арандардың көпемес бөлігі оңтүстікке бағытталған, мүмкін, олар кері қарай қоныс аударуға бағытталған болуы керек. Оқтәрізді планировкалар екі режимде жұмыс атқаруы мүмкін деп жорамалданады: пассивті және активті. Бірінші жағдайда, оңтүстікке қоныс аударып бара жатқан жануарлардың өздері жол-жөнекей зағандарға енуі мүмкін, сол кезде аңшылар оған кіріп, аңдарды аулауға кірісетін. Ал, активті жағдайда жануарларды арандарға қуып тығып оларды сонда ұстайтын.

Мұнай-газ компанияларының табиғатқа тигізетін шығындарын анықтау үшін жұмыс атқаратын ПРООН/ГЭФ проектісі шеңберінде Үстіртте экспедицияда жұмыс істеп, ақырында, арандардың дәл координаттарын алдық. 2012 ж. маусым айында мүмкіндікті пайдаланып, жақсы сақталған бірнеше құрлыстарды қарап шықтық. Бірінші аранды тексеріп талдау оңайға соққан жоқ, өйткені бұрын біздің арамызда оларды көрген ешкім болмады. Оқтәрізді жебенің аяғында тұрсақта, біз оны көргеніміз жоқ. Алдымен біз тастан соғылған қоршауды немесе осыған ұқсас құрылысты көреміз деп ойладық, бірақ бұл маңда тастар болған жоқ. Бұл маңды айналып байқасақ, өсімдіктер бір текті емес, сондай-ақ рельефте бірінғай тегіс емес, сондықтан біз ақырында түсіндік: Арандар – бұл орлар, тіпті кейбір жерлерде жақсы сақталған; кейбір жерлерде олардың тереңдігі бірнеше ондаған сантиметрге жетеді; бірнеше көп жылдармен саналатын жастары үшін де жаман емес (сур.2). Академик Ягодинның шамалап бағалауына сүйенсек, арандар құрылыстарының (және пайдалану) солтүстік үстірт группаларын салу шамамен бірінші мыңжылдықтың ортасында басталып біздің эрамызға дейін созылған.

Арандар мөлшерінің едәуір болуы таңқалдырады: олардың шамалап қарағанда, мөлшерлері бірдей және нақшты дұрыс формаларда және көлемдері 31-ден 43 га

болатын тік бұрышты болып келеді. Бір аранды тізуші шұңқырдың (ордын) ұзындығы орташа 2250 м. Салынуы үлкен еңбекті қажет ететін және осындай аңшылық құрылыстарды жақсы күйінде сақтау, әрі Үстірттің топрағының тығыз екенін еске алсақ, оған кеткен еңбек коллективті екенін көрсетеді және ол үлкен олжамен, аулаумен өтелетіндігін байқатады. Бұл ретте тұяқты аңдарды ұзақ уақыт ішінде тұрақты пайдаланған.

Бүгінде, сақталып қалған орларда жаңбыр сулары мен қарлардың арқасында, онда өсімдіктер, әсіресе қаулап өскен жусан (*Artemisia terrae-albae*), осы сияқты басқа құрғақ участкелерде өскен өсімдіктерден айырмашылықтары бар. Міне осының өзі осы арандарды космостан жақсы көруге мүмкіндік береді.

Одан әрі біздің команда мүшелерінің бірі - Виктор Григорьев экстремальды GoPro сьемкалар түсіру үшін видеокамераны пайдаланды, ал камераны жарты шақырымға көтеру үшін ұшқышсыз вертолетті пайдаланды. Бұл құрал-сайманды сынау Фрида Уитли (Whitley Fund for Nature) проектісі шеңберінде тұрақты маршруттар кезінде ақбөкенге мониторинг жүргізу кезінде сыналды. Күткеніміздей, жоғары жақтан аран жақсы көрінеді, әсіресе күннің горизонттан төмен линияда болған уақытта (сур. 3).


Өткен екі мыңжылдықта ақбөкендердің мінез-құлқында онша өзгерістер болған жоқ шығар. Біздің жүргізген санақ жұмысының мәліметі бойынша, бұл жануарлар Үстірттің қарақалпақстан бөлігінде көбіне сипаттап отырған оқтәрізді планировкада жиі кездеседі. Мұнда көне дәуірдегі аңшылар коллективі болып және өздерінің кең көлемдегі аңшылықтарын табысты өткізген.



Сурет 2. Есіповтікі

Сурет 2. Қоныстағы аран көрінісі.

Қазірде мотоцикл мінген браконьерлер Үстірттің ақбөкендер популяциясының санын айтарлықтай азайтты, тіпті оның жойылып кету қаупін тудырды. Әсіресе, 2012 ж. тікенек сымдардан жасалған шекаралық қоршау ерекше ойлауды қажет етеді; олар көпғасырлар бойы қалыптасқан қоныс аудару жолын бөгеді (қара SN-15). Былай деп сенуге болады, бұл жаңа қоршауды алып тастаған кезде, онда өсімдіктерден басқа ештеңе қалмайды да, ақбөкендер тіршілік етуін жалғастырып, қайтадан өздерінің ғасырлық жолын жалғастырады.



Сурет 3. Григорьевтікі

Сурет 3. Аранның жоғарыдан қарағандағы көрінісі.

# Хабарландырулар

## 2012 ж. ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар программасы конкурсының нәтижелері

2012 ж. кіші гранттар программасын WCN (Жабайы табиғатты сақтау ұйымы) қолдады және жергілікті жерлерде ақбөкен жөніндегі проекттерді қаржыландыру жайында өзінің жылсайынғы қызметін жалғастырды және Қоныс аударатын түрлер Конвенциясының ақбөкенді сақтаудың өзіндікшілігі туралы Меморандумының Ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын орындау үшін жағдай туғызуды да жалғастырады. Биылғы жылы біз Ресейден және Қытайдан түскен проекттерді қаржыландырығанына қуанып қалдық.

**Анатолий Хлудневтің** проектісі Ресейдің Астрахань облысындағы «Степной» қорықшасының техникалық жағын күшейтуге және браконьерлікпен күресуді күшейтуге және ақбөкенді қорғауды жақсартуға арналған. Сондай-ақ проект экологиялық білім мен тәрбие беруді үгіт-насихат жүргізу арқылы жүзеге асырады; табиғатқа қамқорлықпен қарауды ұсынады.

Проект **Фупинг Сунн** ақбөкен өнімдерімен сауда жасау дәрежесін төмендетуге арналған және оларды тұтынуды да Гуанчжоу (Қытай) провинциясында азайтуға бағытталған. Проект Квинпинге қытайдың дәстүрлік медицина базарларында мониторинг жүргізуді жалғастыру міндетін қояды; ол 2009 ж. табиғатты қорғау қоғамының (WCS) Қытай программасы бойынша басталған болатын; сондай-ақ ақбөкенмен және оның продуктыларымен заңсыз сауда жасауды қысқарту үшін адамдардың заңдылықтар жөніндегі білімдерін толықтыру, хабарлар ету.

Конкурста жеңіп шыққандарды құттықтаймыз және олардың жұмыс нәтижелерін *Saiga News*-тың келесі номерінен оқимыз ғой деп ойлаймыз. Өздеріңнің ұсыныстарың және советтерің жөніндегі пікірлеріңді кіші гранттың программасы жайында редактор Елена Быковаға жіберуге болады.

## Ақбөкен туралы өзіндікшілігі Меморандумының (MoV) орындалуы жөнінде CMS-тің жұмыс мәжілісі және ақбөкенді сақтау Альянсының жалпы жылдық мәжілісі

CMS/ЮНЕП секретариаты биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясымен (АСБК) және ақбөкенді сақтау Альянсымен бірлесіп, ақбөкен мәселесі туралы өзара түсінушілік Меморандумының орындалуы туралы кездесуді **18 маусымда 2013 ж. Астана (Қазақстан)** қаласында өткізуді жоспарлап отыр. Мәжілістің мақсаты: ақбөкен қоныстарына инфрақұрылымның әсер етуін талқылау; қолайсыз құбылыстардан аулақ болу; Сонымен бірге мәжілісте MoV-тың орындалуы жөніндегі координациясының және 2011-2015 жж. Ақбөкен жайындағы ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының қазіргі мәселелері талданатын болады, сондай-ақ ақбөкен жөніндегі Ресурстық орталықтың веб-сайтты ұсынылады. Толық мәлімет алу үшін АСБК директоры Ольга Климановамен электрон почтасы

арқылы хабарласыңыздар: [olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz) или по факсу: +7 727 220 3877.

CMS-тің мәжілісі өтісімен-ақ, **2013 ж. 19 маусымында** таңертеңгілік сағат 10-да ақбөкенді сақтау Альянсының жалпы жылдық жиналысының отырысы басталады. Біз түрді сақтау мәселесімен айналысатын адамдардың барлығын осы жиналысқа қатысуға шақырамыз. Онда АСС-тың бұрынғы, қазіргі істелген және келешекте істелетін шаралары талданады және олардың мақсаттары мен міндеттері туралы пікірлер сөз болады. Қосымша мәліметтер алу үшін және жиналысқа қатысуға тіркелу үшін АСС-тың секретары Елена Быковамен хабарласуыңызды өтінеміз, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz).

## Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Табиғатты және жануарлар дүниесін қорғау игілікті іс Ол біздің тіршілігімізді шабыттандырады және байытады біздің өміріміздің жақсаруына әсер етеді және өмір сүруіміз үшін бізді керектілермен қамтамасыз етеді Одан әрі жойылып кету қаупінде тұрған түрлерді сақтау біздің ұлттық және халықаралық міндеттемелерімізді орындаудағы маңызды үлесіміз болып табылады Ақбөкенді қорғау инспекциясы АҚИ өзін осы жоғары миссияны орындауға арнаған батыс Моңғолияда Алтай-Саян экорегионда активті жұмыс істейді Біз ақбөкенді қорғау инспекциясының басшысы г-н Б Батсайханнан интервью алдық

**Редактор: Бірінші рет ақбөкенді қорғау инспекция группасы қашан ұйымдастырылған?**

**Б.Б.:** Біздің ақбөкенді сақтау проектісі шеңберінде ол 2007 жылдың қазан айында қалпына келтірілген. Біздің команданың мүшелері ақбөкендер мекендейтін Ховд және Гоби-Алтай провинцияларындағы 11 ауданның (сомон) территориясында табиғатты қорғау шараларын тиімді өткізді. Ақбөкенді қорғау инспекциясы бірінші

рет 1998 жылы құрамында 6 адамы бар команда ретінде ұйымдастырылған. Мақсаты – жергілікті тұрғындарды информациялармен қамтамасыз ету, оның ролін жоғарлату және ғылыми экологиялық мониторинг жүргізу болды. Бүгінде ақбөкен мекендейтін барлық территорияда бізде 13 инспекторлар жұмыс істейді.

**Редактор: Инспекция құрылғанға дейін мұнда жағдай (ситуация) қалай болды? Ойлаймын, заңсыз аңшылық жасау барлық жерде етек алған шығар?**



**Б.Б.:** Сіз дұрыс айтасыз. Қанша жануарлар болғанын және қанша заңсыз аңдар ауланғанын біздің группа ұйымдасқанға дейінгі мәліметтерді біз білмейміз. Тек менің билетінім, жануарлар қоныстанған территорияларда ешқандай бақылау деген болған жоқ және осы территорияларды патрульдеу де болған жоқ; оның орнына ақбөкен мүйіздерін және жабайы табиғаттың басқада продуктыларын сатып аламыз деген хабарландырулар көп болды. Тиімді жұмыс істеумен және жақсы жоспарланған акциялар нәтижелері арқасында инспекция ұйымдасқаннан кейін заңсыз аңшылық жасаудың көптеген оқиғалары белгілі болды.

**Редактор:** Адам ресурстары табиғат қорғау сеттерінде негізгі компоненттер болып табылады. Сіздің команда мүшелеріне қандай мүмкіндіктер берілген?

**Б.Б.:** Егерлердің көбі малшылар болып келеді және олар ақбөкендер мекендейтін территорияларда тұрады. Олардың әрқайсысын волонтерлер (еріктілер) группасы қолдайды; олар жергілікті тұрғындарға сүйене отырып, жұмыс атқарады. Олар өздерінің туған жерін және түрдің ерекшеліктерін жақсы біледі. Табиғатты қорғауға ынталы, сондықтан бұл істің нәтижелі болуына әкеп соғады. Біздің инспекцияға үш команда кіреді, біз табысты жұмыс үшін өзара жарысамыз; сол арқылы команда барлық күшін табысты жұмыс істеуге салады. Инспекция ақбөкен мекендейтін барлық территорияда болуды қамтамасыз етеді; оның браконьерлерді үркіту үшін маңызды зор әрі жергілікті тұрғындарды бұл жұмысқа тартуға көмегі болады. Біздің инспекторлардың барлығы оқу курстарынан өткен, мотоциклдері, радиобайланыстары, навигациялары (GPS), цифрлы фотокамералары, бинокльдері, дала карталары және форменді киімдері бар. Біз айналып моңғол ақбөкеніне стандартты далада экологиялық бақылау жүргіземіз және квартал сайын команда ішінде талдау жасап, жұмыс пландарын жасаймыз. Сондықтан біздің атқарып жатқан жұмыстарымыз өзінің жағымда нәтижелерін береді.

Инспекция жоғары ұсынысты, жақсы білімді және регионда үлкен сыйға ие. Бұл Моңғолиядағы үлгілі және тиімді жұмыс істейтін құқыққорғау ұйымдардың бірі.

**Редактор:** Инспекцияда істеген жылдары Сіз қандай нақтылы заңсыз аңшылық жасау оқиғаларын аштыңыз?

**Б.Б.:** 2007 жылдан бастап жергілікті құқыққорғау органдарымен және табиғат пен жануарларды қорғау саласында қылмыстыларды ұстайтын “МАРУ-3” командасымен тығыз байланыста жұмыс

атқарып, 35 ақбөкендерді заңсыз атқан 7 оқиғаны таптық, қылмыстылар құқыққорғау органдарының қолына тапсырылды. Біз сондай-ақ 44 ақбөкендерді заңсыз атқан 8 оқиғаны тіркедік, бірақ қылмыстыларды таба алмадық және бұл оқиға тексеру сатысында. Ақбөкендерге заңсыз аңшылық жасаудан басқа, олар мекендейтін территориялар мен көршілес участкелерде біз сондай-ақ қарақұйрыққа, таутекеге және барысқа аңшылық жасаған оқиғаларды табымыз. Бірақ менің ойымша, мұндай оқиғаларды табу-басты маңызды іс емес. Басты міндет – мұндай оқиғалар болмайтындей жағдайлар туғызу. Қазірде инспекторлар табиғатты және жануарлар дүниесін жөнінде жергілікті тұрғындарға мәліметтерді беруді жақсарту әдістерді біліп, оларды тұрғындарға жеткізу қажет; адамдарды мәжбүрлік шаралармен қорқытқанша, штраф салу және жазалау сияқтыларды қосқанда. Бүгінде біз негізгі көңілді жоғарыда көрсетілген тәсілдерге аударамыз. Бақылаумен бірге, жергілікті тұрғындармен жұмыс істеуге көңіл бөлеміз, адамдардың браконьерлікпен айналыспауын болдырмас үшін. Ақбөкен мекендейтін аудандарда оларды қорғайтындар бар екенін қазірде біледі; олар біздің жұмысты қолдайтындарын білдіреді. Жергілікті тұрғындармен жұмыс істеудің маңызы өте зор.

**Редактор:** Сіздің командаңыз қандай қиын міндеттермен ұшасып қалады?

**Б.Б.:** Әрине, қиындықтар бар. Ақбөкен мүйіздеріне қазіргі сұраныш жағымсыз роль атқарады, жаппай браконьерлікке әкеп соғады. Біз қауіптенеміз, мүмкін, ақбөкендер мүйіздерімен жасырын кәсіпшілік жасап жүрген группалар бар шығар деп. Бұл қиындық. Бірқатар жағдайда ақбөкен мүйіздерін шекаралық пункттерде кеденшілер конфискілейді.

**Редактор:** Жасырын аңшылықпен және мүйіздермен сауда жасаумен күресте ең маңыздысы неде?

**Б.Б.:** Браконьерлік және тірі табиғаттың продуктыларымен жасырын сауда жасап жүргендер туралы хабар берген адамдарды марапаттау керек; бұл заңсыз әрекеттерді табудың бірден-бір жақсы жолы болып табылады. Мұндай саясат ақбөкен мекендейтін барлық территорияларға ашық кең түрде хабарландырылған. Ақшалай сыйлықтар браконьерлік оқиғаларды табуға көмектеседі. Бүгінде ақбөкенге браконьерлік жасаған маңызды мәліметтерді бергені үшін сегіз адамды наградтадық, және полиция қызметкерлерін осы браконьерлік оқиғаларға белсенді қатысқаны үшін марапаттадық.



**Б. Батсайхан ақбөкенді қорғау инспекциясы мен инспекторлар группасымен.**

**Редактор: Соңғы жылдардағы жұмыстардың басты нәтижелері қандай?**

**Б.Б.:** Ақбөкенді сақтау проектісінің есебінде көрсетілгендей, популяцияның саны 40% өсті және таралу көлемі де 10% ұлғайды; Бұл көрсеткіштерді жергілікті тұрғындардың пікірі де қолдайды; бүгінгі ақбөкендер санын, тұрақты бақылаулардың қортындыларын және жаңа аудандарда таралуын. Мысалы, 2008 жылдан ақбөкендер группасы Дургун Талдан солтүстікке қарай пайда болды, онда оның алдындағы бірнеше онжылдар ішінде ақбөкендер болған жоқ. Мүмкін, бұл бірінші нәтиже табысты құқықорғау жұмыстарының және малшылардың ақбөкендердің келгенін мойындауы. Білім дәрежелері мен жергілікті тұрғындардың мәліметтер алу мүмкіндігі өсті, олар бірге әрекеттер жасауға дайын және қолдайды. Адамдар бізге тек қана ақбөкен жөнінде ғана емес, сондай-ақ табиғат қорғауға байланысты басқа мәселелер жөнінде де өкінішпен көбірек келеді; сомандар инспекциясына қарағанда.

**Редактор: Сіз әдетте өзіңізді инспекторым деп айтасыз. Шын ба, сіздің міндетіңіз тек ақбөкендермен ғана шектеліп қалмайды ғой?**

**Б.Б.:** Біз ақбөкенді қорғау Инспекциясы деп аталғанмен, біздің жұмысымыз табиғат қорғаудың барлық аспектілеріне тарайды. Мен ойлаймын, сіздікі дұрыс. Біз тек ақбөкенді ғана емес, сонымен бірге, жалпы, тірі табиғатты қорғаймыз.

**Редактор: Ақбөкенді қорғау ісінде сіз басты міндеттер деп нені санайсыз?**

**Б.Б.:** Моңғол ақбөкені – өте сирек түр. Ол жойылып кетуі мүмкін, егерде жұт сияқты табиғи апаттар жиі болса. Сондықтанда басты бағыт - ақбөкендердің мекендейтін шекараларын кеңейту қажет. Бұған жету үшін түрді зерттеу керек: миграциясын, таралуын, қоректену ерекшеліктерін және мекендейтін ареалын кеңейту мүмкіндіктерін. Екінші проблема – бұл жайылымның жетіспеуі және ақбөкен қоныстарында үй малдарының тығыз орналасуы. Әртүрлі серіктестік ұйымдармен және жергілікті тұрғындармен көпсалалы бірлесін жұмыс жасау өте қажет және міндеттердің бірі, өйткені жайылымдарды тұрақты басқару қажет, әсіресе ақбөкендер таралған аудандарда, үй малдары мен тұяқты аңдар бірге тіршілік етуі үшін.

### Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы соңғы 6 ай ішінде біздің қызметімізді қолдаған барлығыңызға шын жүректен алғысымызды айтамыз; олар: Марджори Паркер, Линду Табор-Бек, Стивена және Карин Чейзов, Кеннон және Боба Хадсонов, Майкла Хакетта және Дэвида Хэйла, Чина Оуэна, Николаса Гонзалеса және оның семьясы, Джулио Скардину және Джеффа Флокена, Миннесоты зоопарк Фондысы, Джоан Вридвуд, Элисон Фуллер, Джоэл Сартоне Джун Штурм, Сюзан Вайтинг, Ник Линдсей, Джозеф Альфано, Гевин Эванс и Дебора Чернейко.

Біз WCN қызметкерлері мен волонтерлеріне олардың бізді қолдағаны және көмектескендері үшін, «Дисней-Канада» фондысына Өзбекстан программасын қолдағаны үшін, CMS коммуникациондық қолдағаны үшін өте ризашылдығымызды білдіреміз. Біз ерекше алғысымызды графикалық дизайнер Майку Бромбергу оның SCA-ның жаңа бюллетенін - Saiga Spotlight (<http://www.saiga-conservation.com/saiga-spotlight.html>) дайындағаны көмегі үшін айтамыз.

Біздің алғысымызды Раффор фондысының кіші гранттар программасына, WCN, WWF-Моңғолия және WCS-Қытайға осы номерді шығаруды қолдағаны үшін ризашылдықпен білдіреміз.

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: проф. Э.Дж.Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Лондонның Империял Колледжі ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: проф. А.Бекенов және Ю.Грачев, Институт зоологии ([teriologi@mail.ru](mailto:teriologi@mail.ru)), О.Климанова, АСБК ([olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz)); Қытай: Аили Канг ([akang@wcs.org](mailto:akang@wcs.org)) және Фенглиан Ли ([fli@wcs.org](mailto:fli@wcs.org)), WCS Қытай; Моңғолия: Б. Лхагвасурен ([lkhagvasuren@wwf.panda.org](mailto:lkhagvasuren@wwf.panda.org)) және Б. Чимеддорж ([chimeddorj@wwf.panda.org](mailto:chimeddorj@wwf.panda.org)), WWF-Моңғолия; Ресей: А.Лущекина, Экология және Эволюция проблемасы Институты ([saigak@hotmail.com](mailto:saigak@hotmail.com)) және Ю.Арылов, Қалмакия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы ([kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru)); Өзбекстан: Е.Быкова [жауапты редактор] және А.Есипов, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі генофонд Институты ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Бұл баспа онлайннан алуға болады; [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com), <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе сұраныш бойынша басылған данасын ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде редакторлардан алуға болады.

Алты тілдердің бірінде жазылған материалдарыңызды бізге жіберулеріңізді сұраймыз. Оларды мына адреске жіберулеріңізді: [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Авторлар үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі ережені табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com) немесе сұраныш бойынша редакторлардан алуға болады. Егерде сіздерде сұрақтар туса, өз елдеріңіздегі Saiga News – редакторымен байланысыңыздар немесе жауапты редактормен - Елена Быковамен ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Дизайн, верстка Виктора Григорьевтікі, [mooglik@mail.ru](mailto:mooglik@mail.ru).